ӨНДІРІСТІК ДӘРІГЕРЛЕРДІ ЕНГІЗУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ 6-бет.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№40-41 (2424-2425) 14/05/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

**Дмитрий АБДУЛЛАЕВ,**
**ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ АО «KTZ EXPRESS»:**

**«МЫ СТАВИМ ПЕРЕД СОБОЙ ЦЕЛЬ МАКСИМАЛЬНО УСКОРИТЬ И УПРОСТИТЬ ВЕСЬ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ ПРОЦЕСС ДЛЯ СВОЕГО КЛИЕНТА – ОТ ПОДАЧИ ЗАЯВКИ ДО ДОСТАВКИ ГРУЗА В КОНЕЧНУЮ ТОЧКУ. ДЛЯ ЭТОГО МЫ СТАРАЕМСЯ АКТИВНО РАЗВИВАТЬ СЕРВИСНЫЕ И СОПУТСТВУЮЩИЕ УСЛУГИ, РАЗРАБАТЫВАЕМ ЛИЧНЫЙ КАБИНЕТ, РАБОТАЕМ НАД ВОЗМОЖНОСТЬЮ ЗАКЛЮЧЕНИЯ ЭЛЕКТРОННЫХ ДОГОВОРОВ И СОЗДАНИЕМ CALL-ЦЕНТРА В РЕЖИМЕ 24/7»**

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

# ПЕРВЫЙ ТРАНЗИТНЫЙ В УЗБЕКИСТАН

Вчера из порта Актау десять фитинговых платформ, на которых разместились 20 двадцатифутовых контейнеров, отправились в Ташкент контейнерным маршрутным поездом Ташкент – Актау – Ташкент, принадлежащим АО «Узбекистан темир уйллари».

**Асель ШАЙХЫНОВА**

Таким образом, в порту Актау в рамках перспективного проекта состоялась первая отправка транзитного контейнерного груза в Республику Узбекистан.

Напомним, ранее, 4 апреля текущего года, в Алматы состоялась встреча представителей железнодорожных администраций Казахстана, Китая, Ирана, Туркменистана и Узбекистана по вопросам дальнейшего развития грузоперевозок по Транскаспийскому международному транспортному маршруту. Именно тогда к железнодорожному коридору Китай – Казахстан – Туркменистан – Иран присоединился Узбекистан, и стороны согласовали решение об участии узбекской стороны в контейнерных перевозках по данному маршруту.

По словам специалистов, объем перевозок по коридору Китай – Казахстан – Туркменистан – Иран в прошлом году составил одну тысячу ДФЭ. А с присоединением Узбекистана коридор становится значительно короче.

Тогда в ходе переговоров первый заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов отметил, что для развития транзитных грузов из Китая в наши страны и в других направлениях важно выработать приемлемые тарифные и другие условия.

Также была отмечена важность своевременной доставки грузов для наращивания перевозок. В связи с этим особое внимание уделяется удовлетворению спроса на фитинговые платформы. Стороны обязались совместно обеспечить в полном объеме грузоотправителей подвижным составом. Таким образом, данная отправка транзитного контейнерного груза в Республику Узбекистан является первой ласточкой по итогам проделанной работы и заключенных соглашений о сотрудничестве.




*Фото с сайта portaktau.kz*

СЕМИНАР

# ТӘЖІРИБЕ АРТТЫРУ ТӘСІЛІ

Атырауда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Өндірістік қауіпсіздік департаментінің ұйымдастыруымен қозғалыс қауіпсіздігі мамандарына арналған семинар-тренинг өтті. Басқосуға батыс аймақтық филиалдардың бас қауіпсіздік мамандары түгел қатысты.

**Ислам ТАЛҒАТ**

Жалпы, қызметі пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты қызметкерлердің білімін жетілдіріп, біліктілігін арттыру бойынша шара ҚТЖ және оның филиалдарында тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Қауіпсіздік жөніндегі бас мамандардың кәсіби біліктілігі, жауапкершілігі және мәдени деңгейіне әрбір жүк тасымалы бөлімшесінің жалпы жұмыс нәтижесі байланысты екені анық.

Бұл жолы да «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Өндірістік қауіпсіздік департаментінің бас менеджері Дмитрий Зинченконың төрағалығымен өткен семинар барысында теміржолда қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласына қатысты ахуал талқыға салынып, тасымалданатын жүктердің сақталуын, экологияға, жолаушылар өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін факторлардың болуы ықтималын төмендетуге бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық шараларды оқып білді. Сонымен қатар төтенше жағдайлар туындай қалған жағдайда іс-қимылға көшу дайындығы бағаланды.

Семинарға қатысушылар ахуалдық схемаларды құру ісінде машықтанып, озат еңбек тәжірибесімен бөлісті.

– Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету теміржол көлігі жұмысының маңызды сапалы көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Біз қозғалыс қауіпсіздігін сақтай алғанда ғана жолаушылар мен жүк жөнелтушілер және қабылдап алушылардың сенім үдесінен табыла аламыз, – деп атап өтті «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Өндірістік қауіпсіздік департаментінің менеджері Қанат Мұсабеков.

Өткен жылы 2000-ға жуық локомотив және вагон шаруашылығының қызметкерлері «ҚТЖ» ҰК» АҚ Темір жол көлігі персоналын дамыту және бағалау орталығында, Ақтөбе, Павлодар, Тараз, Қарағанды-Сұрыптау станциясындағы оқу орындарында біліктіліктерін арттырған болатын. Ал биыл «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның 4300-ден астам қызметкері біліктіліктерін арттырып, білімдерін көтеретін болады.

– Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі бас мамандарға арналған тренинг жұмысы жемісті болды. Біз осы басқосуда аралас мекемелердің, яғни, қозғалыс шаруашылығы, вагон, локомотив деполарының бас мамандарымен тәжірибе-пікір алмастық. Бас мамандар қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне және нормативтік-техникалық құжаттамаларды жүргізуге қатысты жақсы білімдерін көрсетті. Сонымен қатар ПТЭ, ИСИ, ИДП және нормативтік актілерді білуге қатысты білімдеріміз тексерілді. Меніңше, мұндай тағылымды тренингтердің білімді жетілдіруде, тәжірибе арттыруда берер пайдасы мол, – деп өз ойымен бөлісті Орал жүк тасымалы бөлімшесінің қауіпсіздік жөніндегі бас маманы Қымбат Тілепова.

Сөз реті келгенде атап өтерлігі, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ сала еңбеккерлері үшін озық тәжірибе мектебін, еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша байқаулар, санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту бойынша айлықтар ұйымдастырып өткізіп келеді. Ел аймақтарындағы бөлімшелер мен филиалдарда төтенше жағ-дайларда қауіпсіз еңбек ету тәсіл-дерін үйрету бойынша техникалық сабақтар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Өйткені, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау Ұлттық компания үшін басты мәселе болып қала бермек.

АКЦИЯ

## НА ПОЕЗДЕ В ОТПУСК

**АО «Пригородные перевозки» совместно с акиматом Восточно-Казахстанской области организовывает курсирование летних пассажирских поездов № 457/458 сообщением Семей – Достык и № 459/460 сообщением Оскемен-1 – Достык (до зоны отдыха озера Алаколь).**

Так, пассажирский поезд № 457/458 Семей – Достык отправлением из Семея начинает курсирование с 1 июня текущего года и далее по нечетным числам по 31 августа 2019 года. При этом время в пути следования составит 17 часов 13 минут. А обратно отправление из Достыка состоится 2 июня и далее по четным числам по 1 сентября 2019 года. На обратном пути следования время в пути составит 17 часов 16 минут.

В свою очередь, пассажирский поезд № 459/460 Оскемен-1 – Достык отправлением из Оскемен-1 начнет курирование также с 1 июня текущего года и далее по нечетным числам по 31 августа 2019 года. Его время в пути следования составит 18 часов 57 минут. В обратный путь поезд будет отправляться из Достыка начиная со 2 июня 2019 года и далее по четным числам по 1 сентября 2019 года.

АО «Пассажирские перевозки» сообщило о назначении 25 мая 2019 года разового поезда сообщением Алматы – Уральск из стандартных вагонов.

*Жаныбек КЕНЕС*

АҚПАРАТ

## СУ КӨЛІГІ ЛОГИСТИКАСЫН ДАМЫТУ СӨЗ БОЛМАҚ

**Ағымдағы жылдың 14-16 мамыры аралығында Ақтауда «Каспий порттары және кеме қозғалысы-2019» 1-халықаралық көрмесі және конференциясы өтеді. Шараға «ҚТЖ» ҰК» АҚ тарапынан да жауапты тұлғалар қатысады.**

Көрмеде 300-ден астам теміржол, теңіз, көлік және логистика компанияларының, мемлекеттік лауазымды тұлғалар, өңірдегі жетекші жүк жөнелтушілер, порт жабдықтары мен көрсетілетін қызметтер жеткізушілерінің қатысуы күтілуде.

«Каспий порттары және кеме қозғалысы-2019» конференциясының екі күндік бағдарламасында халықаралық деңгейдегі 30 көлік және логистика компаниялары, 40-тан астам спикердің қатысуы болжануда, сонымен қатар көлік және логистика саласындағы әлемдік деңгейдегі сарапшылар ағымдағы мәселелер мен Каспий өңірінде көлік инфрақұрылымын пайдалану жағдайындағы жаһандық экономика мен өңірлік сауда сын-тегеуріндерді талқылайды деп жоспарлануда.

Конференцияның негізгі тақырыптары: «Әлем нарығы мен халықаралық логистика. Азия және Еуропа арасындағы сауда жолдарын дамыту және жетілдіру», «Каспий өңірі көлік және логистикасының ағымдағы жағдайы. ТХКБ бағдары бойынша мультимодальды тасымалдауды дамыту», «Еуразияның халықаралық қатынасы. Каспий өңірі көлік коммуникацияларының көпвекторлық дамуы», «Каспий және Қара теңіздерінің ТХКБ бағдарында түйіндесуі» және басқа да мәселелер.

Осындай маңызды имидждік оқиғаны қазақстандық алаңда өткізу Каспий өңірінде елдің көліктік-логистикалық секторын дамыту мәселесінде өзара әрекеттесудің берік негіздерін салуға мүмкіндік береді.

*Даниал ХАМИТ*

НОВОСТИ

## ГЛАВНАЯ АРТЕРИЯ ЭКОНОМИКИ

**В Костанайском отделении грузовых перевозок в очередной раз перевыполнили установленный план погрузки. В этом месяце – на 103,2%.**

Как сообщил заместитель директора Костанайского отделения ГП по логистике Ерден Аманов, на апрель отделению был задан план погрузки 37 500 вагонов (2 миллиона 520 тысяч тонн). По результатам работы, погрузка выполнена на 103,2%. Было погружено 38 567 вагонов (2 миллиона 600,6 тысячи тонн). В среднем в сутки отгружалось 1 286 вагонов (86,7 тысячи тонн). В результате чего по итогам месяца погружено на 1 067 вагонов выше плана (80,6 тысячи тонн).

Наибольших результатов Костанайскому отделению удалось достичь по отгрузке таких грузов, относящихся к основной номенклатуре, как железная руда (отгружено 103,7% к плану). Здесь при плане погрузки на месяц 21 372 вагона (1 миллион 464 тысячи тонн) было погружено 21 885 вагонов, что на 54 тысячи тонн выше плана. А к факту прошлого года погрузка увеличена на 61,5 тысячи тонн, или на 4%. Также заметного превышения плана удалось достичь в отгрузке продуктов перемола (106,1%). При плане погрузки на месяц 1 074 вагона погружено 1 097 вагонов. На 23 вагона выше плана.

– Мы и в дальнейшем будем только наращивать обороты, – говорит Ерден Аманов. – Наш Костанайский регион стремительно развивается и в производственном, и в аграрном, и в промышленном планах.

*Аслан КУДАБАЕВ, Костанай*

ПРОЕКТ

# ДОРОЖНАЯ КАРТА НА ГОД

Дальнейшее развитие железнодорожных перевозок обсудили на расширенном заседании подкомитета по железнодорожному транспорту с участием председателя Комитета логистики и перевозок президиума НПП РК «Атамекен» – председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Сауата Мынбаева.

**Алуа ТЛЕУБАЕВА**

В ходе заседания подняты вопросы взаимодействия участников перевозочного процесса, создания конкуренции на рынке железнодорожных перевозок и тарифообразования, также заслушан отчет деятельности подкомитета за 2018 год.

– Подкомитетом проведена большая работа по улучшению условий ведения транспортно-логистического бизнеса, имеющиеся проблемные вопросы планируется решать в рамках рабочей группы по совершенствованию нормативной правовой базы и технологии взаимодействия новых субъектов на рынке железнодорожных услуг при МИИР РК, а также рабочих встреч с руководством АО «НК «Қазақстан темір жолы», – отметил председатель подкомитета Илья Сегал.

В частности, бизнес внес предложения по дальнейшему взаимодействию с национальным железнодорожным перевозчиком и рассмотрел Дорожную карту подкомитета на 2019 год.

В свою очередь, управляющий директор по развитию АО «НК «ҚТЖ» Мейрамкул Дузбаева рассказала о стратегии развития компании, трансформации бизнес-процессов перевозочного процесса путем цифровизации, реализации непрофильных активов группы компаний ҚТЖ (за исключением инфраструктуры), улучшения сервиса пассажирских перевозок, вопросах, требующих решения в среднесрочной перспективе, в части тарифообразования на услуги локомотивной тяги, доступа частных перевозчиков на рынок.

– Предлагаю к решению вопросов перевозочного процесса подходить путем проведения исследований. В данном направлении у Научно-исследовательского института транспорта и коммуникаций имеется видение по улучшению технологического процесса перевозок, – предложил председатель Научно-экспертного совета Научно-исследовательского института транспорта и коммуникаций Эдуард Каплан.

Также информацией о работе по улучшению железнодорожной отрасли поделился вице-министр индустрии и инфраструктурного развития РК Берик Камалиев.

– Министерством совместно с бизнес-сообществом разработана Концепция проекта нового закона Республики Казахстан «О железнодорожном транспорте», направленная на урегулирование взаимоотношений участников перевозочного процесса с учетом новой бизнес-модели железнодорожного оператора. Также прорабатывается проект концепции Государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2020–2025 годы, в рамках которой запланированы мероприятия по улучшению транспортной инфраструктуры, увеличению международных перевозок. Со своей стороны, министерство готово рассмотреть все предложения по улучшению ведения транспортно-логистического бизнеса, – рассказал Берик Камалиев.

Резюмируя, председатель Комитета логистики и перевозок президиума НПП РК «Атамекен» Сауат Мынбаев призвал сохранить условия деятельности частных перевозчиков в рамках пилотного проекта до 2020 года, по итогам которого будет совместно доработано действующее законодательство.

Со своей стороны, депутат Мажилиса Парламента РК Тарас Хитуов заверил о готовности Парламента рассмотреть соответствующие изменения и дополнения в Закон «О железнодорожном транспорте».

По итогам заседания подкомитета определен ряд вопросов в сфере железнодорожного транспорта, требующих совместной проработки, и утверждена Дорожная карта на 2019 год.

ЦИФРА НОМЕРА

**СВЫШЕ**

**1 000**

**ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕЕЗДОВ ПРОВЕРЕНО ҚТЖ ВНЕ ПЛАНА**

АҚПАРАТ



## ЖІҢІШКЕНІҢ ЖАЙЫ АЛАҢДАТУДА

**Ақтөбе іргесіндегі Жіңішке станциясы қауіпті аймақ болып отыр. Биылдың өзінде мұнда пойыз үш рет жедел тежегіш беріп, тоқтауға мәжбүр болған. Себеп – рұқсат етілмеген жол бойында жүрген адамдар.**

Жол ережесіне бағынбай, теміржолды кез келген жерден кесіп өтушілер теміржолшыларға үлкен қиындық туғызып отыр. Пойыздар қозғалысы адам өміріне қауіп төндіретіні ескертудей ескертіліп келеді. Соған қарамастан, жол бойында оқыс оқиғалар азаяр емес. «Ақтөбе-Жіңішке арқалық жолы өте қауіпті аймақ болып қалып отыр. Жүргіншілер белгіленбеген, тыйым салынған жерлерді кесіп өтуден тыйылар емес. Жыл басталғалы осы станцияда үш рет пойыз тоқтатылды. Құлаққаппен әуен тыңдаған жастар, ішімдік ішкендер сол маңнан көп жүреді. Сонымен қатар ол жерде жолдың қауіптілігін ескерткен ескерту белгілері де көп. Бірақ адамдар оған көңіл аудармайды. Қиыны – қауіпсіздік үшін ештеңе жасай алмай, шарасыз болып отырмыз. Қоршау үшін 5 км жол бойын түгел жабу керек. Онда саяжайда тұратын адамдарға жолдың екінші бетіне өту қиын болып кетеді. Ал қауіпті жерлерге қойған кедергілерді адамдар алып тастап отыр. Жүк пойыздары мен жолаушы пойыздарының шұғыл тоқтатылуы нәтижесінде адам басу оқиғасы тіркелген жоқ. Дегенмен белгілі бір бағытта кетіп бара жатқан пойыздарды тоқтатудың өзі қаншалықты зиян әрі тиімсіз екенін халық ұғынуы керек», – дейді Ақтөбе жол дистанциясының участок басшысы Виктор Лямин.

Жол дистанциясының қызметкерлері Жіңішке-Ақтөбе, Ақтөбе-2, Айжан, 39 разъездердегі қауіпсіздікті тұрақты бақылап отыр. Көлік полициясымен рейдтер тұрақты жүргізіледі.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*
*Суретті түсірген автор*

## ТАБЫСТЫ ТӨРТ АЙ

**Атырау өңірінің өндірістік аймаққа айналуы теміржолдағы жүк тасымалына жағымды ықпал етіп келеді. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша биылғы жылдың төрт айында техникалық жоспарға сай негізгі 14 көрсеткіш 100 пайыздан аса орындалыпты.**

Яғни, пайдаланым жүк айналымы 3147,5 млн т-км нетто болып, 105,9%-ды құрады. Жүк тиеу көлемі 3384,8 мың тонна болып, орындалуы 102,9 пайыз болды. Пайдаланым жүк айналымымен қоса, жүк вагонының айналымы – 100, жергілікті вагон айналымы – 102,3, ал жүк вагонының өнімділігі – 102,4%, вагонның орташа тәуліктік жүрісі – 100,6%, вагонның статистикалық салмағы – 100,6%, пойыздың орташа салмағы 3977 тонна брутто, яғни 101,1 болып, аймақта жүк тасымалы көлемінің осы тоқсанда жоғарылағанын көрсетті. Локомотив жүрісі – 101,6%, пойыздың учаскелік жылдамдығы – 100,5%, пойыздар қозғалысының техникалық жылдамдығы 100,4% болып орындалды.

Ал енді директорлар кеңесі жоспары бойынша қарасақ, 2 көрсеткіш сәл кем түскен. Бірінші, жергілікті вагон айналымы – 97,8%. Екінші, бір техникалық станцияда вагон тұруының орташа ұзақтығы – 96,1 пайыз. Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің техникалық бөлім бастығы Темірхан Аманқұловтың айтуынша, жергілікті вагон айналымының кем болуы вагондардың кеш келіп, жүк түсірудің баяу жүргізілгендігінен болған. Махамбет станциясында – 13, Құлсарыда – 10, Сағызда 30 вагон баяу түсіру, кірме жолдардың алыстығы, локомотивтерді күтіп қалу сынды себептерден вагон айналымына әсер еткен. Онда ТШО, «Шанхай Конструкш» ЖШС, «Стар», «Халелов» ЖК жүктері болған. Екінші мәселе – вагондардың станцияда тұрып қалуы. Транзитті вагондарды қайта өңдеусіз тұрғызу Махамбет станциясында орындалмаған. Оның себебі Атырау мұнай өңдеу зауытымен тікелей жұмыс жасайтын Теңдік станциясы зауыттың «РТИ-АНПЗ» ЖШС жолдың бос болмауынан 1172 бос вагон цистернаны (15 пойыз) қабылдамаған. Құлсары станциясында да 623 вагон құраманың толықтай жиналуын күтіп 2559,5 ваг/сағат тұрып қалған. Ал қалған жоспар түгел орындалды. Жалпы, өңірдегі тасымал тасқыны 4 айда да жақсы деңгейде келе жатыр.

*Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау*

## САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

**Ағымдағы жылдың 4 ай қорытындысы бойынша Маңғыстау магистральдық желі аймағында жол бойына адам шығып кетуіне байланысты 2 рет оқыс тежеу оқиғасы орын алды.**

Теміржол бойына бөгде адамдардың шығып кетуі салдарынан ПЧ-13 Маңғыстау аймағында №16 бекет – Тамақ аралығында, ПЧ-12 Бейнеуге қарасты №460 бекет – Бейнеу аралығында пойыз құрамы оқыс тежеу беріп тоқтауға мәжбүр болған.

Ағымдағы жылдың 30 сәуір күні Бейнеу станциясындағы «Атамекен» орта мектебінде Бейнеу жол дистанциясының инженері А.Оразбаевтың және желілік полиция лейтенанты Н.Мұсаевтың қатысуымен мектеп оқушыларына «Теміржол – қауіпті аймақ» тақырыбында профилактикалық сабақ өтті.

Онда теміржол бойында жүру ережесі түсіндіріліп, қауіп-қатерден сақтану жолдары сөз болды. Алдағы уақытта мұндай түсіндіру жұмыстарын Маңғыстау станциясында және Маңғыстау елді мекені мектептерінің бірінде өткізу жоспарланып отыр.

*Нұржан МУСИРХАНОВ,*
*Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің жетекші инженері*

ЦИФРЛАНДЫРУ

# «АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯҒА» АРҚА СҮЙЕЙДІ

Семей ЖТ бөлімшесі биылғы көктемде цифрлы технологияға толығымен көшіп болды. Бірер жыл бұрын басталған игілікті шара толық аяқталып, теміржолшылар үшін заманауи үлгідегі «ақылды технологиялар» дәуірі басталды. Қазіргі күні бөлімшеде құжат алмасу, іс қағаздарын жүргізу толық автоматтандырылған.



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*

Қағазсыз технология ішінде ең алдымен «Келісімді және коммерциялық жұмыс» басқару жүйесі іске асырылған болатын. Станциялардағы өтінім беру жұмыстары толықтай электронды түрде жүргізіледі. Ал ағымдағы жылдың 17 сәуірінен бастап бөлімшеде облысаралық қатынастағы жүк тасымалын қағазсыз технология бойынша жүзеге асыру ісі қолға алынды. Бұл істің клиенттермен арадағы келісімді жеделдетіп, тіпті, пойыз құрастыру ісінде де берер тиімділігі зор екені дәлелденді.

– Автоматтандырылған қызмет, әсіресе құжат алмасу ісінде үлкен жеңілдік әкелді. Мәселен, бұрын Нұр-Сұлтаннан арнайы рұқсат алу үшін телефонограмманы үш-төрт күн тосуға тура келетін-ді. Қазір мұндай кедергі жойылды. Оның үстіне клиент келісім жоспарының барлық пороцесін, бүкіл іс барысын ғаламтор арқылы қадағалай алады. Бұл бір есептен сенімділік сыйлайды, – дейді мамандар.

Шығыстағы станция қызметкерлері қағазсыз іс жүргізіп, құжат алмасуды ғасыр жаңалығына теңеп отыр. Аталмыш қызмет түрі әсіресе тауар кассаларындағы жұмысты мейлінше жеңілдеткен.

Бұл игілік жүк жөнелтуге тапсырыс беруші клиенттер үшін де тиімді болды. Олар ендігі аралықта станцияда отырған маманның көңіл күйіне тәуелді емес. Әрі қаржылық операцияларды банк арқылы іске асыруға болады.

Қорыта айтқанда, «бір терезе» қағидасына сүйенетін «Келісімді және коммерциялық жұмыс» басқару жүйесіне қосылу жүк тасымалын жоспарлау, діттеген межеге жеткізу және оның қауіпсіздігін толық қамтамасыз ете алатын әрі бұл процесті on-line режимінде бақылауға мүмкіндік бар тиімді жүйе екендігін іс жүзінде толығымен дәлелдеді. Сәйкесінше, «ақылды технологиялар» игілігіне сүйенуді бұрыннан жолға қойған орта бизнес өкілдері ұлттық компанияның ел шығысындағы басты әріптестеріне айналуда. Яғни, Семей ЖТ бөлімшесімен виртуалды қарым-қатынас орнатқан клиенттер саны еселеп өсіп келеді. Мәселен, небары үш айдың ішінде 365 жүк жеткізушімен автоматты түрде келісімшарт жасалған кездер де болған. Яғни, бір тоқсан ішінде 2 мыңның үстінде құжаттар автоматты түрде рәсімделген еді.

Бір бұл емес, осынау жаңа жүйе аясында «Вагондармен жұмыс істеу-2015» жүйесінде вагондарды беру және жинау, ЭПД модуль жүйесінде жөнелту және беру бойынша тасымалдау құжаттарын ресімдеу істері атқарылуда.

*Суретті түсірген автор*

ӨНДІРІС

# ҚҰРЫЛҒЫЛАРДА КІНӘРАТ КӨП

Жосалы мен Түркістан станциялары арасындағы төрт жүз шақырымнан асатын телім бойында жылжымалы құрамдардың қауіпсіз қозғалысын сақтап, байланыс құрылғыларының кідіріссіз жұмысын қамтамасыз ететін Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы ұжымы жылдың алғашқы тоқсанында ақау, апат, оқиға секілді жағдайлардың орын алуына жол бермеген.




**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*

Байланыс құрылғыларының маневрлік және пойыздық қозғалыс барысында жұмыстан тыс қалуына жол берілмеген. Үш ай ішінде КТСМ құрылғыларымен 51352 дана пойызды бақылаудан өткізген дистанциялықтар назарына алынған пойыздардың ішінен 9 құрамның тоқтатылу себебі 100 пайыз дәлелденіпті. Теміржолшылар нысанасына ілінген пойыздар ішінде 8 рет локомотив және вагон буксының қызуы және 1 рет доңғалақ жұбының тежелуі тіркеліп, 1 вагон құрамнан ажыратылған.

Алғашқы тоқсанда пойыздық және маневрлік жұмыс кезінде апат, ақау, қирау секілді жағдайлардың орын алуына жол берілмеген, алайда байланыс құрылғыларының жұмыстан тыс қалуы секілді кемшіліктер ішінара болса да тіркелген екен. Кемшіліктерге қатысты дер кезінде жөндеу бригадасы мен мамандар учаскелерді тексеріп, анықталған жайларды қалпына келтірген.

– Біздің дистанция теміржолшылары алғашқы тоқсанда қолданыстағы СОБ, байланыс, пойыздық радиобайланыс және КТСМ құрылғыларының жұмысында ақау жібермей, СОБ, байланыс, пойыздық радиобайланыс, КТСМ құрылғыларымен 51352 пойызды бақылаудан өткізіп, жылжымалы құрамдардың арасынан 9 пойызды тоқтатып тексеруден өткізген кезде тоқтатылу кінәраты толық анықталды. Жылдың алғашқы тоқсанында СОБ және байланыс құрылғыларына күнделікті күтім жасаумен қатар құрылғылардың жұмыстан тыс қалмауы қадағалануда. Алайда кішігірім технологиялық кемшіліктер байланыс құрылғылары кінәратының орын алуына соқтырып, қырағылықты қатаң талап етуде. Мәселен, аталған мерзім ішінде жылжымалы құрамдар жүйесінің тұрақты жұмыс жасауын тексеретін УКСПС, жүк вагондарына жабысқан не салбырап сүйретілген бөгде заттың болмауын бақылайтын КГУ құрылғыларында да жұмыстан тыс қалу орын алмады, – дейді Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының техникалық бөлім бастығы Ақшагүл Күрбенова.

Дегенмен жылдың алғашқы тоқсанында СОБ құрылғыларының 5 мәрте жұмыстан тыс қалуы тіркелді десек, оның 2-еуі (бағыттамалық бұрма үстінде бөгде заттың болуынан) Қызылорда жол дистанциясы ұжымына тиесілі болған. Тіркелген жағдайды тарқатып айтсақ, ақпан айында Бақтысай-Тартоғай станциялары аралығында №3101 пойызға қозғалысқа тыйым салынған белгі берілген, себебін іздестіргенде РШ №1/6 стативінің БК блогы Ж релесі тізбегінің С1 конденсаторы қуатының түгесілгені анықталған. Келесіде, яғни ЭЦ постында НМШ1-400 типті Д2П релесінің №32 контакті сымының сапасыз пайкіленуінен 1-блок участок «жалған бос емес» сигналын көрсетіп, Тереңөзек-Қараөзек аралығында №41 пойыз төрт минут кідіріп жөнелтілген. Бірақ анықталған кемшіліктер мамандар тарапынан дер кезінде жөнделіп, жылжымалы құрамдардың кесте бойынша өткізілуі жолға қойылған. Алайда, осындай себептер жиналып, дистанциялықтардың жұмыс сапасының төмендеуіне әсер еткені де жасырын емес. Бұл дистанцияда әлі күнге тозығы жеткен құрылғылардың болуынан дейді дистанциялықтар. Жаңа құрылғылардың жетіспеуінен ескіні жамап, кемтігін толтырып жөндейтін дистанция шеберханасындағы теміржолшылардың еңбегі ерен екені анық.

– Дистанция есебіндегі 11 дана ДГА қолданыс мерзімі 30 жылдан асқан әрі қосалқы бөлшектердің болмауынан ауыстырылуды қажет етеді. Әлі күнге қолданыста жүрген 1970-1979 жылдары шығарылған, 1986 және 1989 жылы шығарылған 5520 реле алмастыруды қажет етеді, OPS-200-2В типті 84 дана, OPS-75-2В/160В типті 175 аккумулятор қолданылу мерзімі өтіп кетсе де пайдаланылуда, жаңа типті аккумуляторға тапсырыс берілгенмен, толық қамтамасыз етілмеуде. Өндіріске енгізілген «Cisco» құрылғысына техникалық қолдау қажет. Бірнеше перегондағы тұрақты тоқ көзін автобұғаттау жүйесі жаңартылуы керек, – дейді байланыс құрылғыларының жаңасын баптап, ескісін жамап жұмыс жасап келе жатқан дистанциялықтар еңбегін қорғай сөйлеген техникалық бөлім басшысы.

Дистанция ұжымында еңбек өнімділігі қатаң сақталған, қолданыстағы СОБ, байланыс, пойыздық радиобайланыс, КТСМ құрылғыларына және өзге де байланыс құралдарына ағымдағы және кешенді жөндеу жұмыстары жүргізілуде, пойыздардың жүріс қауіпсіздігін толықтай қамтамасыз етілуде. Және де қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған кешенді жоспарлар, ГТСС нұсқаулары және инженерлік-техникалық іс-шаралар, ағымдағы күтім жұмыстары толықтай орындалуда. Уақытында ауыстырылуы тиіс байланыс құрылғылары кесте бойынша алмастырылуда.

*Суретті түсірген автор*

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

# ҰЙЫМШЫЛ ҰЖЫМ ҰТАДЫ

Қандай ұжым болмасын бірлігі жарасса, тірлігі де оңалмақ. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген сөз Түлкібас станциясы ұжымына қарап айтылғандай. Түлкібас ауданының ортасында орналасқан станцияның жан-жағы елді мекен, айнала қоршаған бау-бақша, жасыл желек, сонадайдан төніп тұрған тау қыраттарын көргенде еріксіз тамсанып, жергілікті халықтың сұлу табиғаттың баурайында күн кешіп жатқанына қызыға қарайды екенсің.



Түлкібас станциясын басқарып отырған Нематилла Тойшыбаев теміржол саласында 1989 жылдан бері қалтқысыз адал қызмет етіп келеді. Станция жұмысын алға бастыру үшін барлық міндеттерді 100 пайыз көрсеткішке жеткізу үшін байырғы тәжірибелі теміржолшылардан тұратын ұжым «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыла еңбек етуде. Өйткені, станция табысқа жетсе, абырой бәріне ортақ екенін, ал керісінше бір жаманат шықса, ол да бәріне күйе жағатынын түлкібастықтар жақсы біледі.

Түлкібас станциясы – Жамбыл мен Шымкент бөлімшелерін жалғастырып жатқан шекара іспеттес. Станция басында 12 жол бар.

– Жыл басынан бері үш айдың қорытындысына келетін болсақ, былтырғы жылға қарағанда биыл вагондарға жүк арту, жүк түсіру жағы төмендеп кетті. Былтыр айында 300 вагон түсіріп, 200 вагон тиеп жатыр едік, осы жылы айына 200 вагон түсірдік. Станцияда негізінен көбіне бидай түсіреміз, ұн мен әктас артамыз. Себебі, жергілікті ауданда ұн мен әк шығаратын 2 зауыт қана бар, қалғандары тоқтап тұр, – деді Н.Тойшыбаев.

Станцияда еңбек қорғау мәселесі жақсы жолға қойылған. Теміржолшылар қыстық, жаздық киімдермен тұрақты қамтамасыз етіліп тұрады. Мысалы, өткен қыс жұмысшылардың бәріне де жылы қолғап пен бәтеңкелер беріліпті. Бұдан бөлек, резина етікпен, керзі етікпен де қамтылған. Қауіпті жерде жұмыс істейтін теміржолшылар арнайы сүт беріледі.

«Осы жер жәннаты Түлкібаста туып-өстік, туған жерден алысқа ұзап ешқайда кетпедік, 30 жыл теміржолшымын, 2 жыл болды станция бастығымын. Оған дейін орынбасар болдым. Әкем де теміржолшы, қозғалыс саласының маманы болды. Ұжымда 44 адам бар, олардың бәрі де осы жерілікті жердің халқы» дейді станция бастығы.

*Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент*
*Суретті түсірген автор*

ИНФРАСТРУКТУРА

# НОВЫЕ ЛИНИИ ВО БЛАГО СТРАНЫ

Магистральная сеть АО «НК «ҚТЖ» скоро пополнится новыми линиями, имеющими стратегическое значение. Так, в настоящее время в курируемых Министерством индустрии и инфраструктурного развития РК отраслях в рамках механизма государственно-частного партнерства на стадии реализации и проработки находится 32 проекта, два из которых – в сфере железнодорожного транспорта. Об этом рассказал министр Роман Скляр в ходе заседания Правительства РК.



**Асель ШАЙХЫНОВА**

По словам министра, уже реализован проект «Строительство железнодорожной линии Шар – Усть-Каменогорск протяженностью 153 километра».

– Период концессии определен до 2028 года с последующей передачей линии АО «НК «Қазақстан темір жолы». На сегодняшний день объем перевозок грузов по линии Шар – Усть-Каменогорск составляет более 9 миллионов тонн грузов в год, – сказал Роман Скляр.

Кроме того, в период с 2020 по 2022 год планируется проведение строительных работ по проекту «Строительство железнодорожной линии в обход станции Алматы протяженностью 73,2 километра».

Проект по строительству железнодорожной линии Шар – Усть-Каменогорск жизненно необходим. Ведь железнодорожная сеть Советского Союза не учитывала границ между республиками. Не было в этом необходимости в едином союзном государстве. Тогда сеть создавалась для того, чтобы транспортные потоки шли из сырьевых регионов к промышленным центрам максимально коротким путем. Но это существенно затруднило транспортное сообщение с наступлением независимости.

Напомним, железная дорога, связывающая восток Казахстана с остальными регионами, проходила по территории России: через станции Локоть и Третьяково. С появлением таможенных барьеров между странами это существенно замедлило грузовые и пассажирские перевозки в регионе.

Первый Президент Казахстана в Долгосрочной стратегии развития «Казахстан-2030» констатировал: «Транспортные потоки с востока на запад и наоборот исторически пролегали по территории нашей страны, и их интенсивность на сегодняшний день не спадает. Задача Казахстана заключается в обеспечении конкурентоспособности отечественного транспортно-коммуникационного комплекса на мировом рынке и увеличении торговых потоков через нашу территорию». Эта задача требовала реконструкции и восточно-казахстанского участка железной дороги.

Строительство железной дороги Усть-Каменогорск – Шар стало первым в новейшей истории Казахстана проектом государственно-частного партнерства. Помимо того что новая дорога существенно сократила путь до Алматы, она имеет государственное значение, являясь одним из приоритетов развития национальной железнодорожной инфраструктуры.

Железнодорожный проект по своей оснащенности стал одним из самых передовых в Казахстане. Чтобы оценить объем проделанных работ, достаточно сказать, что на строительстве было задействовано более 60 подрядных организаций, уложено 153 километра главного железнодорожного полотна и более 14 километров станционных путей. Всего мостостроители построили 13 мостов, 4 путепровода, 5 скотопрогонов и уложили свыше 95 водопропускных труб. Трудно переоценить роль новой ветки, которая дает выход не только в Россию, но и на внешние рынки Китая, Юго-Восточной Азии, Турции, Индии.

*Фото из архива*

КОНФЕРЕНЦИЯ

# СОВМЕСТНО – К ПОВЫШЕНИЮ КАЧЕСТВА СЛУЖБЫ АВТОТОРМОЗОВ

Особенности подготовки, обслуживания, эксплуатации автотормозов подвижного состава в весенне-летний период обсудили железнодорожники в Защитинском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) на совместной весенней автотормозной конференции. Вторым на повестке дня стоял вопрос о безопасности движения с сентября 2018-го по апрель 2019 года.



**Ольга УШАКОВА,**
*Усть-Каменогорск*

В работе конференции под председательством заместителя начальника ТЧЭ-22 Айдына Смагулова участвовали не только представители руководства и локомотивных бригад этого предприятия, но и эксплуатационного вагонного депо станции Оскемен-1 (ВЧД-24), АО «Досжан темір жолы» (АО «ДТЖ»), ревизорского аппарата департамента безопасности движения по Восточно-Казахстанскому участку.

В начале Айдын Смагулов отметил, что конференция проводится согласно факсограмме руководства АО «КТЖ – Грузовые перевозки» для принятия мер по подготовке, обслуживанию, эксплуатации тормозных систем, для рассмотрения вопросов взаимодействия между службами. Свое слово сказали региональные ревизоры по безопасности движения, которые отметили важность своевременного принятия комплекса мер, направленных на защиту жизни и здоровья граждан, создание условий безаварийной работы организаций железнодорожного транспорта. Также они рассмотрели действия причастных работников, допустивших случаи инцидентов и нарушений, замечания, выявленные во время выполнения внезапных проверок ревизорским аппаратом.

Заместитель начальника эксплуатационного вагонного депо станции Оскемен-1 Марат Кыдырханов отметил, что необходимо повсеместно повышать организацию технического обучения кадров и повышения их квалификации, отработку практических навыков действий в нестандартных ситуациях, проводить постоянную работу по повышению качества ремонта и содержания подвижного состава.

Старший машинист-инструктор по автотормозам ТЧЭ-22 Рустем Мусекенов сообщил, что в осенний и зимний периоды грубых нарушений по работе автотормозного оборудования в депо не допустили, но имелись определенные недоработки, возникающие при поездной и маневровой работе.

– Одним из главных условий надежной работы железнодорожного транспорта являются исправное состояние автотормозного оборудования подвижного состава и локомотива, грамотное управление автотормозами машинистами, – напомнил Рустем Мусекенов и рассказал об основных возможных причинах обрыва грузового поезда, и что машинист, принимая локомотив, обязан качественно проверить состояние тормозного оборудования, убедиться в исправности приборов управления.

Он перечислил случаи нарушений, которые повлекли за собой огромные финансовые потери и негативно сказались на имидже локомотивных бригад в целом по АО «НК «ҚТЖ».

– Командно-инструкторский состав тщательно анализирует причины неправильного управления автотормозами в Восточно-Казахстанском отделении грузовых перевозок. За семь месяцев по ТЧЭ-22 при расшифровке кассет регистрации выявлено 18 случаев замечаний по автотормозам. Со всеми машинистами проведены оперативные разборы, все были привлечены к дисциплинарной ответственности, – добавил Рустем Мусекенов.

> **С СЕНТЯБРЯ 2018-ГО ПО АПРЕЛЬ 2019 ГОДА В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОМ ОТДЕЛЕНИИ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК ПРИ РАСШИФРОВКЕ КАССЕТ РЕГИСТРАЦИИ ВЫЯВЛЕНО 18 СЛУЧАЕВ ЗАМЕЧАНИЙ ПО АВТОТОРМОЗАМ.**

Инструктор по буксовому узлу и автотормозам эксплуатационного вагонного депо станции Оскемен-1 Нурлан Наурзбаев отметил, что понижение температуры наружного воздуха приводит к образованию наледи на узлах и деталях тормозной рычажной передачи, заворачиванию манжет тормозных цилиндров, неправильной работе воздухораспределителей главной и магистральной части. Это может привести к заклиниванию и образованию дефектов на поверхности катания колесных пар в пути следования.

– Низкая температура наружного воздуха в нашем регионе (от -30$^0$С и более) также неблагоприятно влияет на работу безрезьбового соединения грузовых вагонов. Отработанный зимний период не стал исключением. Имелись случаи утечек сжатого воздуха в тормозной магистрали из-за неисправностей безрезьбового соединения по отправлению с основных ПТО, – отметил он. – При проведении технического обслуживания вагонов на ПТО, КПТО, линейных ПТО выявлялись случаи излома тормозных колодок производства ТОО «Трибо». Опыт прошлых лет показывает, что тормозные колодки данного производителя не устойчивы в работе на зимний период.

По его данным, из департамента вагонного хозяйства АО «КТЖ – Грузовые перевозки» регулярно поступали телеграфные указания и факсограммы по допущенным случаям остановок грузовых поездов из-за отказа работы автотормозного оборудования в пути следования. Все случаи прорабатывались с причастными работниками каждую смену на планерных совещаниях. Были вывешены аншлаги и информационные листки для ознакомления и предостережения аналогичных случаев, проводились работы по предостережению и предупреждению нарушений. На летний период планируется работа по проведению ревизии и ремонта автотормозного оборудования грузовых вагонов в составе поездов и на текущих отцепочных ремонтах, курсирующих на участке Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок, для их устойчивой работы. Также планируется проведение работы по устранению уязвимых мест при обслуживании автотормозного оборудования в составе поездов для дальнейшего их безопасного проследования.

Решение весенней автотормозной конференции включило в себя несколько пунктов, среди которых – проведение ТЧЭ-22, ВЧД-24 и АО «ДТЖ» совместных технических занятий один раз в месяц в подразделениях локомотивщиков на станциях Серебрянка, Оскемен-1 и Шемонаиха. ТЧЭ-22 совместно с путейцами продолжит работу по ремонту и замене знаков «Начало торможения», «Конец торможения». Также командно-инструкторский состав ТЧЭ-22, ВЧДЭ-24 будет проверять укомплектованность технических аптечек на локомотивах, следить за их постоянным пополнением.

НОВОСТИ

## РОДЫ ПОД СТУК КОЛЕС

**На днях 24-летняя жительница поселка Саяк в пути следования поезда в город Балхаш Карагандинской области родила малыша.**

В настоящее время состояние ребенка считается удовлетворительным. Роды прошли благополучно.

По словам специалистов Карагандинского участка филиала «Северный» и отдела Балхашского зонального представительства управления здравоохранения области, участковый врач порекомендовал беременной женщине отправиться заблаговременно в город. До этого у нее уже были роды путем кесарева сечения.

Во избежание неблагоприятного исхода медиком было принято решение отправить женщину на поезде в город Балхаш.

Роженицу сопровождали два врача. Однако в пути следования у нее начались роды, которые протекали стремительно. Благодаря оперативной работе медиков и проводников ребенок появился на свет без каких-либо патологий.

Сейчас ребенок и его мама в удовлетворительном состоянии находятся в центральной больнице Балхаша.

В практической деятельности проводников это не единичный случай. Так, в поезде № 51, следующем рейсом Алматы – Караганда, 20-летняя пассажирка родила ребенка. Она отправилась в шахтерскую столицу в сопровождении своей подруги. Женщина находилась на девятом месяце беременности. В этот день на смену заступила семейная пара проводников Даурен Сарсекеев и его супруга Жибек.

По словам Даурена, когда у пассажирки начались роды, в щитовой были убраны все вещи, приготовлена чистая постель и кипяченая вода. На помощь проводникам пришли два врача, находившиеся в вагонах по соседству.

По рации начальник поезда сообщил машинисту о том, что в Чиганаке предстоит экстренная остановка, так как в поезде рожает женщина. Однако на разъезде нет больниц. Тогда состав вынужден был ехать дальше, в Сарышаган. Не доезжая до места назначения, раздались крики новорожденного ребенка.

Около 2 часов ночи в Сарышагане новоиспеченную маму и малышку уже ожидала карета скорой помощи.

Между тем врачи рекомендуют будущим мамам за 2–3 недели до предполагаемых родов выезжать из отдаленных населенных пунктов в город для того, чтобы сберечь не только свою жизнь, но и жизнь будущего малыша.

*Светлана МОГАЙ, Караганда*

## ОСНОВА ОСНОВ



**В Алматинском эксплуатационном локомотивном депо постоянно проводится работа по обеспечению гарантированной безопасности и надежности перевозочного процесса. С начала года допущен всего один случай нарушения безопасности движения поездов против 11 случаев периода 2018 года**

Начальник депо Мурат Оспанов подчеркнул, что все силы направлены на безопасный труд, повышение культуры производства и безаварийную работу.

Если говорить об эксплуатационных показателях, то перевозочная работа при плане 4 073,771 миллиона тонно-километров брутто фактически составила 4 196,353 миллиона тонно-километров брутто, выполнена на 103,01%.

Среднесуточная производительность локомотива при плане 1 170 тысяч тонно-километров брутто выполнена на 102,14%, или 1 195 тысяч тонно-километров брутто.

За 4 месяца текущего года нарушений режима и отдыха локомотивных бригад не допущено. Хотя с начала года поступило в «Книгу машинистов» 1 488 рапортов машинистов против 1 060 рапортов аналогичного периода прошлого года, увеличение на 428 рапортов. И, как и прежде, именно к хозяйству сигнализации и связи у локомотивных бригад скопилось множество вопросов.

По расшифровке скоростемерных лент с начала года допущено 48 случаев нарушений против 17 за прошлый год. За 4 месяца применено 267 экстренных торможений против 254 за период прошлого года, с наездом на людей зафиксировано 9 случаев.

В частности, речь идет о работе локомотивных бригад, переходе локомотивного парка к летним перевозкам, не обходят вниманием и вопросы технического состояния парка электровозов и тепловозов, а также обучения локомотивных бригад. Все эти меры, безусловно, направлены на повышение безопасности движения поездов и улучшение эксплуатационной работы.

– В депо усилен контроль по обучению локомотивных бригад работе на новых сериях локомотивов, постоянно проводится проверка соблюдения технологической дисциплины, детально прорабатываются допущенные инциденты, срывы эксплуатационной работы с изучением необходимых мер по выходу из нестандартных ситуаций, – говорит Мурат Болатбекович.

По словам начальника депо, особые требования предъявляются к машинистам-инструкторам, которые отвечают за техническую подготовку колонны, мастерство вождения поезда, уровень знаний локомотивных бригад и морально-психологический климат в коллективе.

*Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы*
*фото автора*

## РАБОТА НАД ОШИБКАМИ

**Акмолинские железнодорожники работают над ошибками. Это показали итоги весеннего осмотра. Он коснулся хозяйств, расположенных в границах отделения.**

Цель осмотра – определение устойчивой работы в период выхода хозяйств из зимы, обеспечение стабильной работы железнодорожного транспорта и безопасности движения поездов, своевременное устранение отступлений от норм содержания объектов, обеспечение охраны труда на рабочих местах и предупреждение производственного травматизма и заболеваемости

Так вот, как резюмировала комиссия, руководители станций и предприятий проделали определенную работу, чтобы привести хозяйства в соответствие с требованиями Правил технической эксплуатации железнодорожного транспорта. При этом упор сделан на устранении замечаний осеннего комиссионного осмотра 2018 года.

Во время осмотра выявлено 1 575 замечаний, это на 369 замечаний меньше, чем было весной 2018 года. Тогда было зафиксировано 1 944 замечания.

По результатам нынешнего осмотра особо отметили начальников станций. Среди них Ольга Диденко – станция Красивая-Казахская, Мунира Аубакирова с Обгонного пункта-80, Рахима Никифорова с Белоградовки. А также Роза Кусаинова со станции Колутон, Валентина Трайбер со станции Ельтай, Алмагуль Исмагулова – руководитель станции Сары-Оба, и Бауыржан Тайманов со станции Танкерыс.

Похвалили за работу и электромехаников. Среди них – старший электромеханик сигнализации, централизации и блокировки участка Жанажол – Жанатурмыз Жаксылык Досжанов и его коллега с участка Новоишимская – Белоградовка Евгений Гарбар. Отличился и начальник района контактной сети РКС-37 станции Ельтай Нурбек Кенжебаев.

*Сауле КУСАИНОВА, Кокшетау*

# ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕҢЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

## ШЫМКЕНТ

**Бүгінде қатарлары сиреп қалған соғыс ардагерлері Жеңістің 74 жылдығын лайықты қарсы алуы үшін түркістандық теміржолшылар барын салды. Оларға арнап Шымкент қаласындағы «Ордабасы» мейрамханасында арнайы дастархан жайып, сыйлады.**

Салтанатты шараға Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен қатар Ауған соғысы мен Чернобыль апатына қатысқандар, барлығы 11 адам арнайы шақырылды. Кеште Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Ермекбай Ерманов, магистральдық желі бөлімшесінің директоры Марат Оңалов, Шымкент қалалық кәсіподақ ұжымының төрайымы Нағима Салықбаева, бөлімшенің кәсіподақ комитетінің төрағасы Хайрулла Сәрсенов, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрғали Нұртаев сөз сөйлеп, ардагерлерді айшықты мерекесімен құттықтады.

Айта кетейік, денсаулығына байланысты мерекеге келе алмаған ардагерлерге арналған сый-сияпатты үйлеріне апарып беретін болды. Кешке жасы келіп қалған ардагерлердің көбін балалары сүйемелдеп алып келді. Жергілікті биліктен бөлек, биыл ҰОС ардагерлеріне ҚТЖ басшылығы 75 мың теңгеден сыйақы тағайындапты.

Ардагерлер дастархан басында сұрапыл соғыстағы күндерін еске алып, қазіргі бейбіт заманға шүкіршіліктерін айтты. Кең дастархан басында замандастарымен жүздесіп, әңгіме-дүкен құрып, бір жасап қалған қарттар Ұлы Жеңістің 75 жылдығына аман-есен жете берейік деген жақсы тілекпен тарқасты.



## СЕМЕЙ

**Жеңістің 74-ші мерекесіне орай семейлік теміржолшылар байырғы майдангер теміржолшы әріптестерін еске алу рәсімін өткізді. Қаладағы Жеңіс саябағына жиналған олар осынау жолда шейіт болған боздақтар мен бүгінде өмірде жоқ соғыс ардагерлерін бір минут үнсіздікпен еске алды.**

«Мәңгілік алау» басына теміржолшыларды бөлімше басшысы Марлен Көкірекбаев пен салалық кәсіподақ ұйымының төрағасы Алик Досанов бастап келді. Сондай-ақ, бұл шараға кәсіподақтар ұйымдарының төрағалары, мекемелер басшылары да мол жиналды.

Әуелгі кезекте саябақ бойымен шерулетіп жүріп өтіп, алау басына гүл шоқтарын қойған теміржолшылар сұрапыл күндерді, осынау жолда бақилық болған жандарды бір минут үнсіздікпен еске алып, рухтарына тағзым етті. Ардагер теміржолшы, «Түрксіб-Семей» мұражайының директоры Мақсұт Көшжанов өткен күннің жарқын естеліктерінен сыр шертіп, соғыстан кейін теміржол саласында тер төккен майдангерлер жайлы әңгіме өрбітті.

Теміржолшылар соғыс кезінде броньмен босатылса да, өздері сұранып майданға аттанған теміржолшылар қатары да мол болған екен. Олардың арасынан талай батыр атанған қаһармандар шыққан. Бүгінде теміржол ауданындағы бірқатар көшелер сол батырлар есімдерімен аталады. Көнекөз қарияның осындай тағылымды сөздерін әсіресе жас буын теміржолшылар ұйып тыңдады.



## АҚТӨБЕ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалының директоры Серғали Жайлаубай тыл ардагері Рахила Қанатбаеваны Жеңіс күнімен құттықтап барды. Зұлмат заманды көзімен көрген ардагерлердің үйіне азық-түлік себеттерін апарып, материалдық көмек көрсетті.**

Бүгінде 93 жасты бағындырған кейуана қонақтарын қуана қарсы алды. 1926 жылы Шалқар қаласының Талдықұм ауылында туған ол соғыс жылдары госпитальда жаралы жауынгерлерге көмектесіпті. Елге келгеннен кейін де қаршадайынан қара жұмысқа араласып, депода жұмыс істеп, цехта шойын балқытып, оқ-дәрі құйған.

«Аға ұрпақтың ерлігі мен қаһармандығының куәсі болған сіздей жанға құрметіміз қашан да жоғары. Ұлы Жеңіске қосқан үлесіңізді бүгінгі ұрпақ ұмытпақ емес, бақуатты өмір кешіп, жүзге келіңіз, апа», – деп тілек білдірді кейуанаға Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің директоры Серғали Жайлаубай. Оның айтуынша, қазір Ақтөбедегі магистральдық желі бөлімшесінде 4 соғыс ардагері қалған.

«Біз де сендердей жас болғанбыз. Соғыс даласына мектептен аттандым, окоп қаздық. Кейін Шалқардағы депода ұзақ жыл еңбек еттім. Ып-ыстық шойын балқыттық. Бүгінгі сендердің көрсетіп жатқан құрметтерің сол кездегі маңдай тердің жемісі болар. Өркендерің өссін», – деді тыл ардагері Рахила Қанатбаева.



## НҰР-СҰЛТАН

**Жеңіс күні және Отан қорғаушылар мерекесі қарсаңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржол саласындағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерін, тыл еңбеккерлерін шақырып, олардың құрметіне салтанатты шара өткізді.**

Сала ардагерлері компанияның орталық аппарат ғимаратында өткен мерекелік салтанаттың құрметті қонағы болды. Талантты қызметкерлердің өнерінен құралған концерттік шара басталмас бұрын ардагерлер мен теміржолшылар елордадағы «Отан қорғаушылар алаңы» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, сұрапыл соғыстан қайтпай қаза тапқандарды еске алды. Одан әрі компанияның бас ғимаратында жалғасқан мерекелік жиында теміржолшылар осы салада еңбек етіп, зейнетке шыққан соғыс және тыл ардагерлеріне деген сый-құрметтерін соғыс жылдарындағы жалынды әндерді орындап, әскери билер билеумен көрсетті. Бағдарлама «Мәңгілік полк» – соғыс батырлары туралы естеліктерді баянды ету акциясы аясында өтті. Теміржолшылар майдангер әке-ағаларының портреттерін алып шығып, транспаранттар көрмесін ұйымдастырды.

Бағдарлама барысында компанияның шаруашылық басқару филиалы инженерлік және энергетикалық қамтамасыз ету департаментінің менеджері Жандос Асылханов, Орталық салалық кәсіподақтың департамент директоры Нұрлан Нұрпейісов, көпсалалы қызмет көрсету орталығы филиалының бухгалтерлік есеп функционалдық бағытының менеджері Айнұр Әбілдина, Магистральдық желі дирекциясы филиалы менеджерінің ұлы Бекарыс, «Қазтеміртранс» АҚ тарифтік саясат және маркетинг департаментінің менеджері Дастан Абытов, Магистральдық желі дирекциясы экономика департаменті менеджері Абылайхан Домалақов, осы дирекцияның экономика департаментінің бас менеджері Қанат Құдайбергенов және активтерді басқару департаментінің менеджері Айдана Мусалимова, Адами ресурстарды басқару департаментінің менеджері Айжан Сейтбаева, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ халықаралық тасымал бойынша есептеу және есепке алу секторының бас маманы Сәния Мергенбаева, өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің менеджері Алтынай Жатқанбаева сынды сала қызметкерлері өз өнерлерімен көпшілікті тәнті етті. Соғыс ардагерлеріне бүгінгідей бейбіт өмір сыйлағандары үшін алғыс білдірген кейінгі буын оларға зор денсаулық, ұзақ өмір тіледі. Жастардың өнеріне риза болған соғыс ардагері Борис Беленка сахнаға шығып сөз сөйлеп, майдандағы қыршын кеткен замандастары туралы өлең оқыды. Сонымен қатар теміржолшы-ардагерлер үшін «Вива» би ұжымы арнайы келіп өнер көрсетті.

Биыл Жеңістің 74 жылдығы қарсаңында компания көлемінде ардагерлерге материалдық көмек беріліп, акциялар ұйымдастырылды. Компания есебінде тұрған бүгінде көзі тірі 115 ардагердің бәріне ҰОС ардагерлері мен мүгедектері ретінде пойызда тегін билет рәсімдеу ережелері туралы ақпарат барлық жерге ілініп, оны вокзал дикторлары хабарлауы қадағалануда. Компанияның бас ғимаратында тақырыптық роллаптар, фотостенділер және баннерлер ілінді. Қатысушыларға «Жеңіс күні» деген жазуы бар мерекелік ленталар әзірленіп таратылды. Мереке қарсаңында ардагерлердің үйлеріне арнайы барып, азық-түлік салынған себеттер тарту етілді.

## СЕКСЕУІЛ

**Туған жердің топырағын фашистік басқыншыларға таптатпай, 45-тің көктемінде Жеңіс тойын тойлаған майдангерлер қатары сиреп қалғанмен, шүкіршілік, арамызда баршылық.**

Қызылорда ЖТ бөлімшесінің есебінде сексеуілдік Берден Тұрсынбаев пен Талжан Жанасов тұр. Бөлімшенің бас инженері Күлхан Белкібаев пен кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары Әбдімұрат Маутанұлы және Сексеуіл локомотив пайдалану деposының кәсіподақ ұйымы жетекшісі Нұрлан Жұмқанов қос ардагерді Ұлы Жеңіс күнімен құттықтап барып, қариялардың батасын алды.

Ұлы Жеңістің 74 жылдық тойын тойлауға Сыр еліндегі майдангер-теміржолшылардан төрт қария аман жетіпті. Олардың екеуі Қызылордада, екеуі Сексеуіл станциясында ұл-қыздары мен немерелерінің ардақты да сүйікті аталары болып, бақытты ғұмыр кешіп жатыр.

– Жеңістің 74 жылдығына жеткен төрт майдангерге бөлімшенің және кәсіподақ ұйымының және теміржолшылар атынан қаржылай сыйақы мен азық-түлік себеті берілді. Және де майдангерлердің ас-суын даярлап отырған келіндердің сұранысын қанағаттандыру мақсатында олардың біріне қысқа толқынды пеш пен соңғы үлгідегі шаңсорғыш сыйға тартылды, – дейді бөлімшенің кәсіподақ ұйымының төраға орынбасары Әбдімұрат Маутанұлы.

Майдангерлерге бөлімше теміржолшылары тарапынан өзге де көмектер ұдайы беріліп отырады. Сұраныс тілектерін екі еткен жері жоқ. Мереке



қарсаңында өздерін құттықтай келгендерді қуана қарсы алған майдангерлер оларға батасын беріп, бейбіт күннің алаңсыз еңбегін тіледі.

## ҚАНДЫАҒАШ

**Ғасырдан аса жасаған Ұлы Отан соғысының ардагері, қарт теміржолшы Артем Алексеевич Қандыағашта тұрады. Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары Теміррғали Көштаев бастаған теміржолшылар 102 жастағы майдангерді Жеңіс күнімен құттықтап барды.**



Проскурня Артем Алексеевич 32 жыл Қандыағаш жол дистанциясында еңбек еткен. Ол 1917 жылдың 23 сәуірінде Ақтөбе облысы Ключевой ауданы Ново-Украина ауылында дүниеге келген екен. 1938 жылы әскер қатарына шақырылған. Қария соғысқа ерте аттанған жауынгерлер қатарында. Мәскеуді жаудан қорғаған. Соғыстың соңына дейін болған. 1945 жылы елге оралып, Қандыағаш қаласындағы жол дистанциясында зейнетке шыққанша еңбек еткен. «Ұлы Отан соғысының II дәрежелі» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған. «Сіздер – осыдан 74 жыл бұрын бізге Жеңіс сыйлаған ұрпақсыздар. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғыста жауды жеңген ерліктеріңіз ешқашан ұмтылмайды. Сізге денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз», – деп тілек білдірді қарияға Темірғали Көштаев.

«Рахмет, балалар, мереке сайын осылай бір марқайып қаламын. Сіздердің мені жылда құттықтап келетіндеріңе де ширек ғасыр болыпты. Денсаулықтарың мықты болсын. Бәріңе де алғысым шексіз. Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын, соғыс болмасын», – деді қарт майдангер.

Бүгінде Артем Проскурня 3 қызынан 4 немере, 3 шөбере сүйіп отыр.

### «Жолаушылар тасымалы» АҚ қарасты «Оңтүстік» аймақтық филиалы Ұлы Жеңістің 74 жылдығына орай арнайы мерекелік шара өткізді.

Филиалда Ұлы Отан соғысына қатысқан үш ардагер тіркелген. Сонымен қатар 9 ауған соғысының ардагері мен Чернобыль АЭС апатын жоюға қатысқан 2 азамат жұмыс істейді. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр Ұлы Жеңіс күні құрметіне осы арадагерлерді шақырып құрмет көрсеткен «Оңтүстік» аймақтық филиалының ұжымы мерекелік концерт ұйымдастырып, ардагерлерге арнайы сыйлықтар табыс етіп, азық-түлік толтырылған себеттер сыйға тартты.

Филиал басшылығы атынан сөз алған Мұрат Сәрсенбин жиылғандарды Жеңіс мерекесімен құттықтап, бейбіт өмір мен ашық аспан тіледі.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорымен бірлесе отырып, жылдағы дәстүр бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне теміржол көлігінің қызметтерін тегін пайдалануға мүмкіндік беретін арнайы акцияны іске қосқанын айта кетейік.

«Жеңіс» республикалық әлеуметтік-қайырымдылық жобасы аясында өтетін акция шарттарына сәйкес ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлері «Жолаушылар тасымалы» АҚ жүзеге асыратын барлық бағыттар бойынша тегін жол жүру құқығына ие.

«Жеңіс» – Ұлы отан соғысы мен тыл ардагерлеріне жыл бойына қолдау көрсетуге бағытталған республикалық әлеуметтік-қайырымдылық жоба. Жобаның басты мақсаты – ардагерлерге деген қамқорлық. Оларға деген жан-жақты көмек пен қолдау. Жоба аясына еріктілер рейді өткізіп, жас буынның тарихқа деген құрметті арттыру жолындағы іс-шаралар жүзеге асырылады.

### Ұлы Жеңістің 74 жылдық мерекесі қарсаңында Алматыдағы М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясына қарасты Алматы көлік колледжінің акт залында «Батыр апалар ерлігіне – мың тағзым!» атты патриоттық кеш өтті.

Кештің қонағы – колледж директоры Е.Әуесбаевтың арнайы шақыруымен келген М.Тынышбаев атындағы ҚазККА-ның «Автомобильдер, жол техникасы және стандарттау» кафедрасы доценті, Әлия-Мәншүк мұраларын зерттеуші Кеңес Жүсіпов болды.

Кеш басында К.Ә.Жүсіпов қазақтың батыр қыздары Әлия, Мәншүк және Хиуаздың ерлікке толы ерек өмірі, Ұлы Отан соғысындағы көрсеткен ерлігі, туған елге деген зор махаббаты, халқымызға, барлық ұрпаққа үлгі-өнегесі туралы әңгімеледі. Ерлермен бірге қан майданда қаһармандық пен қайсарлықтың қайталанбас үлгісін көрсетіп, өшпестей даңқын қалдырған қазақтың қайсар қыздары Әлия, Мәншүк және Хиуаз әрқашан да құрметтеуге тұрарлық», – деді ол.

Бұдан кейінгі әңгіме желісі академия студенттерінен құралған делегацияның батыр апаларымыз жерленген Ресейдің Псков облысына жасаған сапарлары жайына ауысты. Оның бірі 2010 жылы Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылса, екіншісі 2016 жылы Новосокольники қаласының 115 жылдық мерейтойына орай өткен еді. Баяндамашы студенттерден құралған отрядтың батыр апаларымыздың жерленген жерлері – Ресейдің Псков облысының Новосокольники және Невель қалаларына сапарлары жайында, яғни апаларымыздың бейіттеріне гүл шоқтарын қойып, рухтарына құран бағыштап, тағзым етіп қайтқандары, жергілікті оқушы жастармен, сонымен бірге соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесу өткізгендері, әскери даңқ мұражайларын аралағандықтары жайлы, Мәскеудегі Әлия даңғылы бойында орналасқан батыр қыз атындағы мектепте болғандарын бейнесюжеттер мен слайдтар арқылы қызықты әңгімелеп берді.

Еске сала кетсек, биыл Ұлы Жеңістің 74 жылдығы қарсаңында Ресейдің Санкт-Петербор қаласында қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың құрметіне арнап жасалған ескерткіш ашылған болатын. Студенттер өздерін қызықтырған жайлар бойынша сұрақтар қойып, сапар иесі оларға жауап берді. Кеш соңында баяндамашы Кеңес Жүсіпов колледж кітапханасына батыр апалар жайлы еліміздің және ресейлік газеттерде жарық көрген материалдарды тарту етті.

*Бетті дайындаған Сұлугүл БАКЕСОВА, Ұлан ОРАЗ*
*Жансая СЫДЫҚБАЙ, Ардақ ЕРУБАЕВА, Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,*
*Суреттерді түсірген авторлар және Александр ЖАБЧУК*

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz
railnews.kz

# НИЧТО НЕ ЗАБЫТО, НИКТО НЕ ЗАБЫТ



**УРАЛЬСК**

**День Победы – один из главнейших и поистине народный праздник. Уральские железнодорожники помнят и навещают своих ветеранов Великой Отечественной войны не только накануне этого дня, чтят память не вернувшихся с фронтов.**

Западно-Казахстанская область 760 раз подвергалась бомбардировкам фашистской авиации, особенно железная дорога, ставшая единственной транспортной артерией Сталинградского фронта. Из Майкопа и Грозного было доставлено 500 цистерн с горючим в Сталинград. Применялись сдваивание поездов, «живая» блокировка, когда цепочка сигналистов стояла в одном километре друг от друга, караванный способ движения поездов, с интервалом в несколько минут. Были построены дополнительные разъезды и посты, что позволило увеличить пропускную способность в два раза. Ежесуточно через станцию Уральск проходило 24 поезда.

Машинист Уральского паровозного депо Покусай вел поезд с танками к Сталинграду и был 15 раз атакован авиацией, бригада погибла, он ранен, но довел поезд до пункта назначения. Об этом легендарном машинисте писала газета «Правда». Мало кому известно, что один из паровозов особого резерва Наркомата путей сообщения, которым доставили состав с пленным фельдмаршалом Паулюсом, вел машинист Уральского депо Бобрышев.

В первые же часы после объявления войны в горвоенкомат от железнодорожников поступило 3 000 заявлений добровольцев. Из железнодорожников и членов их семей на станции Уральск было создано подразделение народного ополчения в количестве 1 400 человек. На собранные железнодорожниками Уральска средства были построены танковая колонна и авиаэскадрилья. Труд уральских железнодорожников был высоко отмечен правительством страны, в том числе боевыми наградами. Об этом в своем интервью телеканалу ТДК рассказал Почетный железнодорожник, хранитель истории железной дороги края Михаил Надточий.

Накануне праздника ветеранов навестила делегация железнодорожников во главе с директором Уральского отделения ГП Дарханом Куланбаевым и замдиректора Актюбинского отделения магистральной сети по Уральскому региону Русланом Давлетовым. Как всегда хлебосольны участники войны – вагонник Мадрасул Гайфуллин и машинист Владимир Иванов, ветеран ВОХР Сергей Кузеняткин из Уральской головной дистанции сигнализации и связи, инвалид Великой Отечественной войны Борис Шолубай, путейцы – участник войны Иван Мельников и труженик тыла Мекей Таужанов. Всем ветеранам были вручены именные открытки руководства компании, цветы, большие продовольственные корзины, ковры и денежная помощь в размере 30 МРП. На предприятиях отделения к памятным стендам и мемориалам возложили цветы.

Непосредственно 9 мая представители предприятий Уральского отделения ГП и Актюбинского отделения магистральной сети по Уральскому региону вместе с ветеранами Великой Отечественной войны приняли участие в возложении цветов к памятнику маршала Победы Георгия Жукова. Затем колонна железнодорожников вместе с ветеранами отправилась на площадь Победы, где приняла участие в церемонии возложения венков к Вечному огню и шествии Бессмертного полка. Завершился праздник за праздничным дастарханом, накрытым железнодорожниками для ветеранов и тружеников тыла в кафе.



**АЛМАТЫ**

**Праздничные мероприятия, посвященные Дню Победы, прошли в Алматинском отделении грузовых перевозок, где чествовали участников Великой Отечественной войны и тружеников тыла.**

Слова благодарности и признательности ветеранам за их героический подвиг в годы войны выразил первый заместитель директора Алматинского отделения грузовых перевозок Алмат Дусекеев

– Все дальше вглубь истории уходят события Великой Отечественной войны, но никогда не сотрутся в памяти имена тех, кто ценой собственной жизни совершил великий подвиг, завоевав Победу, – сказал Алмат Таймасович.

Теплая, искренняя и душевная атмосфера мероприятия определялась культурной программой, которую провели работники отделения ГП и студенты железнодорожного колледжа.

Особенно волнительным моментом стало выступление молодых работников отделения. Очень трогательно и самобытно показали призыв в армию молодых ребят, так эмоционально и душевно передали картины сельской жизни, напутствия родных и близких, что выступление никого не оставило равнодушным. Приглашенные ветераны с замиранием сердца смотрели мини-постановку, громко и восторженно аплодируя молодому поколению.




Председатель совета ветеранов Алматинского отделения грузовых перевозок Бейсен Шормаков отметил, что, сколько бы ни минуло лет с победной весны сорок пятого, для всех нет более светлого и святого праздника, чем День Победы

На протяжении всего праздника повсюду звучали песни военных лет, отрывки из военной поэзии.

В честь праздника для ветеранов был накрыт дастархан, каждого участника войны и труженика тыла посетили на дому, вручив праздничную корзину и памятные подарки. Аналогичные мероприятия прошли во всех предприятиях региона. Торжественные мероприятия состоялись также в Парке имени 28 гвардейцев-панфиловцев в Алматы, где ветераны возложили венки и цветы к Вечному огню у Мемориала Славы.

**КАРАГАНДА**

**9 мая на станции Караганда-Сортировочная прошло торжественное мероприятие, посвященное 74-й годовщине со Дня Победы в Великой Отечественной войне.**

По традиции от Карагандинского отделения дороги до Дворца культуры железнодорожников прошел Бессмертный полк. Идея движения по сохранению памяти о поколении героев Великой Отечественной войны принадежит филиалу «КАЗПРОФТРАНС» во главе с Яхией Альмусиным.

После завершения шествия возле монумента погибших солдат состоялась торжественная церемония, на которой выступил директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Карагандинское отделение ГП» Марат Ибраев, который поздравил ветеранов и железнодорожников с Днем Победы.

– Никто и никогда не забудет ваш подвиг. Низкий поклон вам, уважаемые ветераны, за нашу счастливую жизнь, за мирное небо над головой, – сказал он.



Затем от имени совета ветеранов Карагандинского отделения дороги выступил участник ВОВ Григорий Степенко.

– Мне часто дети задают вопрос: а тяжело ли вам было на войне? – рассказывает Григорий Степенко. – Да, война – это тяжелое испытание. Она уничтожает все, что попадается ей на пути. Вот уже 74 года, как наши люди живут в согласии и мире.

Между тем на площади Дворца культуры железнодорожников организаторы мероприятия установили большую военно-полевую палатку. Этот атрибут стал своего рода напоминанием о былых фронтовых годах. Участники войны, труженики тыла, а также работники предприятий железной дороги смогли отведать солдатскую кашу. На свежем воздухе гречневая каша с мясом казалась необычайно вкусной. Желающих попробовать ее оказалось так много, что уже через час большой котелок был опустошен. Вкусный обед был организован Карагандинским филиалом «КАЗПРОФТРАНС».

В этот же день на площади Дворца культуры железнодорожников состоялся большой праздничный концерт с участием звезд местной эстрады. В мероприятии также принял участие хор ветеранов железнодорожного транспорта «Магистраль».

**КОСТАНАЙ**

**В День Победы делегация филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» и Костанайского отделения магистральной сети посетила ветеранов ВОВ, преподнесла им в подарок продуктовые корзины и цветы.**

В парке Победы областного центра 9 мая железнодорожники возложили цветы к Вечному огню. Также они приняли участие в традиционном шествии Бессмертного полка. Аналогичные мероприятия прошли и на станциях региона, где железнодорожники поздравляли своих ветеранов, вручали им цветы и подарки.

Также в Костанае прошел музыкальный фестиваль, посвященный Дню Победы, под названием «Песни военных лет». Все песни на нем исполняли сами железнодорожники – работники Костанайского региона.

– Мы, работники железной дороги, как и все граждане Казахстана и всего СНГ, всегда помним и всегда глубоко чтим этот праздник и эту дату, – говорит директор филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Вячеслав Миронов. – Всегда стремимся оказать знаки внимания нашим уважаемым ветеранам. Ведь без прошлого нет будущего, а Великая Победа – это и наше прошлое, миллионы казахстанцев внесли свою лепту в общее дело Победы.



**ПАВЛОДАР**

**Железнодорожники Павлодарского отделения грузовых перевозок организовали для своих ветеранов и тыловиков праздничный концерт и навестили тех, кто не смог прийти на мероприятие. А 9 мая сотрудники стальной магистрали вместе с горожанами приняли участие в возложении цветов к Вечному огню.**

Песнями, танцами и стихами поздравили павлодарские железнодорожники ветеранов и тыловиков Великой Отечественной войны. На творческой сцене выступили ученики средней общеобразовательной школы № 43. В этот же день директор Павлодарского отделения ГП Даулетбек Нигметов и председатель профсоюзной первичной организации Айгуль Буебаева навестили тех, кто не смог прийти на концерт. Они посетили четырех ветеранов. Это Евдокия Хлобушева, Василий Грегораш, Николай Егоренков и Михаил Мельванов.

– От имени нашего предприятия позвольте поздравить вас с одним из великих праздников – Днем Победы! Сегодня мы хотим выразить вам огромную благодарность за ваш подвиг. Желаю крепкого здоровья и долгих лет жизни, – сказал Даулетбек Нигметов.

Железнодорожники вручили ветеранам продуктовые корзины и цветы.

Стоит отметить, что сотрудники Павлодарского эксплуатационного локомотивного депо тоже приняли участие в возложении цветов к памятнику неизвестному солдату.



**УСТЬ-КАМЕНОГОРСК**

**Железнодорожники Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок накануне Дня Победы посетили участников войны, принеся им хорошие подарки, продуктовые наборы и цветы. А 9 мая представители стальной магистрали региона приняли участие в торжественном митинге и возложении цветов к Вечному огню у Мемориала Славы в Усть-Каменогорске.**

На учете в отделении находятся три участника ВОВ. Это Анна Пьяненко, Василий Снегур, которые проживают в железнодорожном микрорайоне Защита Усть-Каменогорска, и Михаил Болдырев из Шемонаихи.

Средства для покупки подарков выделило АО «КТЖ – Грузовые перевозки». Представители Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок: главный инженер Отарбек Касымбеков, начальник отдела кадров Куралай Жыгыпар, председатель профкома Берикхан Тлеужанов приехали к Василию Снегуру прямо в отделение ревматологии, где он находится на лечении. Василию Андреевичу 92 года. Ему пришлось воевать с милитаристской Японией уже после того, как объявили победу над фашистской Германией. В Советский Союз солдат вернули в декабре 1945 года. Но потом еще семь лет Василий Снегур служил в армии. Переехал в Восточный Казахстан, женился, работал слесарем в вагонном депо, 18 лет был начальником грузового двора станции Защита, вышел на пенсию. Железная дорога всегда помнит о своем ветеране, пару лет назад ему даже помогли отремонтировать фасад его дома.

– Я очень благодарен железнодорожникам, которые всегда откликаются на наши просьбы, идут навстречу. Помогают, чем могут, – высказался Василий Снегур. – Железная дорога – наш друг, надежда и опора.

Анна Пьяненко в годы войны работала в специальном подразделении Народного комиссариата путей сообщения – военно-эксплуатационном отделении (ВЭО). В довоенное время она трудилась в Защитинской дистанции пути. В 1944 году ее в составе ВЭО перебросили на запад. Вместе с другими Анна Пьяненко, следуя за линией фронта, восстанавливала железнодорожные пути, хоронила убитых бойцов. После войны продолжила работу в Защитинской дистанции пути, потом – в отделе рабочего снабжения железной дороги. В этом году бабушке исполнится 95 лет, она живет с внуком Александром.

Михаил Болдырев в 1942–1943 годах участвовал в ключевых сражениях Великой Отечественной войны под Ржевом, в мирное время работал слесарем по ремонту вагонов, кондуктором в поездах.

Непосредственно 9 мая представители руководства, профсоюзной и ветеранской организаций Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок, Семейского отделения магистральной сети, ОО «КАЗПРОФТРАНС» приняли участие в торжественном митинге и возложении цветов к Вечному огню у главного памятника Победы.

Такие церемонии в Усть-Каменогорске стали традиционными и проводятся дважды в год – на День Победы и 22 июня, в день, когда объявили о начале Великой Отечественной войны.

**НУР-СУЛТАН**

**Представители руководства АО «КТЖ – Грузовые перевозки», Акмолинского отделения грузовых перевозок, станции Нур-Султан и профсоюза навестили на дому 11 ветеранов Великой Отечественной войны и тружеников тыла.**

В преддверии Дня Победы в филиалах АО «КТЖ – Грузовые перевозки» проходят мероприятия, посвященные ветеранам. Их цель – напомнить о мужестве и подвиге старшего поколения. Железнодорожники и представители профсоюза посещают фронтовиков, вручают им продуктовые корзины, подарки и материальную помощь. Дорогих гостей ветераны встречают с улыбкой – внимание и душевные беседы являются для них самым ценным подарком. На груди переливаются многочисленные медали и награды, а в глазах блестят слезы. В АО «КТЖ – Грузовые перевозки» числится 74 ветерана Великой Отечественной войны. Их истории такие разные, объединенные лишь пережитыми ужасами войны, радостью долгожданной победы и многолетним трудом в железнодорожной отрасли. О некоторых из них – в двух словах.



Василий Сердюков родился 21 ноября 1926 года в селе Богдановка Акмолинской области. В 17 лет его призвали на службу в город Хвалынск Саратовской области в учебный автополк. Он принимал участие в освобождении Минска, Варшавы, форсировал реки Вислу и Одер, участвовал в самых тяжелых боях на подступах к Берлину – на Зееловских высотах. Победу Василий Антонович встретил в Берлине, у стен Рейхстага.

Екатерина Стефановна Писарева на своих хрупких женских плечах вынесла все тяготы войны и послевоенного времени. Она родилась в 1926 году в Белгородской области. Во время войны выхаживала раненых, спасла не одну жизнь. Награждена медалью «Победа над Германией» и другими юбилейными медалями.

Ветеран Михаил Петрович Кочетков прожил насыщенную событиям жизнь. Он родился в 1924 году в селе Семеновка Акмолинской области. На фронт ушел в 1942 году. Воевал в составе Западного фронта, Третьего Белорусского фронта и Первого Прибалтийского фронта. За храбрость и боевые заслуг награжден орденами «Отечественной войны» I–II степени, «Красной Звезды», медалями «За взятие Кенигсберга», «За Победу над Германией», «За освобождение Белоруссии», «За освобождение Украины» и другими юбилейными медалями. В 1946 году вернулся домой.

Побывала делегация железнодорожников и в гостях у ветеранов Александра Балакина, Кузьмы Козака Антонины Деркачевой, Федора Бочарова, Нины Драгун, узниц фашистских концлагерей Софьи Ломакиной и Надежды Афониной, а также блокадницы Надежды Коваль.

Ветераны поблагодарили представителей железной дороги за сердечное участие, поздравления и внимание.

*Подготовили: Елена КОЛДАСБАЕВА, Айдана ЕРТАЙ, Аслан КУДАБАЕВ, Светлана МОГАЙ, Ольга УШАКОВА, Анна ПАНИЩЕВА, Роман ЛЮБИМОВ*

*Фото авторов*

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

# ЕҢБЕК ЕТ ТЕ, МІНДЕТ ЕТ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен техникалық еңбек инженерлерінің басын қосқан «Қауіпсіздік үшін – бірге» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Теміржолшылардың өндірістік жарақаттануының алдын алу, қауіпсіз еңбекті насихаттау және қызметкерлердің еңбек процесінің қауіпсіздігі жауапкершілігін көтеру мәселелері кеңінен талқыланған үстел басына облыстық еңбек инпекциясы басқармасының өкілі Гүлсім Нұғманова, теміржолшылардың «Қазкөліккәсіп» КБ филиалы төрағасының орынбасары Бауыржан Ахметов, «Нұр Отан» партиясы «Теміржол» филиалы төрағасының бірінші орынбасары Базара Танбаева, Магистральдық желі бөлімшесі филиалы директорының орынбасары Жандарбек Өтегенов, бөлімшенің кәсіподақ ұйымы төрайымы Ажар Ерманова және вокзал шаруашылығы, өрт сөндіру, қалпына келтіру пойызы ұжымдарының еңбек қауіпсіздігі жөніндегі техникалық инспекторлары қатысып, маңызы зор тақырып төңірегінде пікір алмасты.

Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай өткізілген шара барысында кәсіподақ комитетінің төрайымы Ажар Ерманова еңбек қауіпсіздігі жөніндегі техникалық инспекторларының ережелерімен таныстырып, оны орындау туралы мәліметтер берсе, шақырылғандар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің жұмысына тоқталып, еңбекті қорғауға қатысты мәселелерде өндірістік жарақаттанудан, қауіпті жағдайларды алдын ала ескерту туралы түсіндірме берді.

– Бүгінгі басқосуға бөлімшенің жеке шаруашылығында жұмыс жасайтын 17 техникалық еңбек инженері арнайы шақырылып, облыстық еңбек инпекциясы басқармасы өкілінің жаңалықтарымен танысып, өзгерістер жайында толық мағлұмат алуына жағдай жасалды. Инспекторларға түсініксіз жағдайлар осы арада талқыланып, түсіндірілді. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды нығайту үшін техинспекторларға арнайы бағдарламалар жүктеліп, оның есебі ай сайын жүргізіліп, қорытындысы жасалынып отырады. Жұмыс жағдайына қарай әрбір техинспектордың озық тәжірибесі насихатталып, ынталандыру сыйлығы берілетін болады, осылайша бөлімше теміржолшыларының еңбегін қорғаудың жаңа тәсілі жұмыс жасайтын болады, – дейді бөлімшенің кәсіподақ комитетінің төрайымы Ажар Ерманова.

Сонымен қатар жиын барысында еңбеккерлердің еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз етуге қосқан үлестері үшін екі қызметкерге Алғыс хат табысталып, әрбір теміржолшының бас амандығын сақтау үшін «Қауіпсіз еңбек үшін – бірге!» ұраны күнделікті қағидаға айналуы тиіс деген тұжырым жасалды.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*

ӘЛЕУМЕТ

# ҚАЛАМАҢЫ ТАСЫМАЛЫ ҚОЛЖЕТІМДІ



Түркістан облысы мен Шымкент қаласының арасын жалғап жатқан темір жол бойында 21 бекет бар. Атап айтқанда, Шойтөбе, Күншағыр, Отрабад, Ұзынқұдық, Ақшоқат, Темір, Рзд 37, Қарақоңыр, Қостүйін, Ақдала, Арыс 2, ОП Парковая, ОП 3227 км, ОП 3228 км (Ақнан), Қалаш, Бадам, Көкбұлақ, Игілік, Қорғасын, т.т.

Осы бекет арқылы қатынайтын №6938/6937 бағытындағы Түркістан-Шымкент пойызына мініп, Қорғасыннан түсіп қалатын болсаңыз, билет бағасы небары 32 теңге, ал Игіліктен мініп Бадамнан түсіп қалатын болсаңыз 64 теңге төлейсіз. Күншағырдан мініп Қостүйін бекетінен түсіп қалсаңыз, жолақы үшін 256 теңге төлейсіз. Яғни тариф жергілікті халыққа өте ыңғайлы бағада жасалған.

Шымкент қаласындағы «Қаламаңы тасымалы» АҚ филиалы Түркістан облысы мен Шымкент халқының жолаушыларына қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Мекеменің бас кеңсесі Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан. Аймақтық телім қала маңында үш бағытта жүретін пойыздарға жауапты. Біріншісі – 175 орындық 2 вагоннан тұратын Түркістан-Сарыағаш пойызы. Дизель рельсті жылжымалы құрам, яғни мотормен жүреді. Жолаушылар тасымалдау барысында 28 аялдамаға тоқтайды. Аптаның бес күні: сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, сенбі, жексенбі күндері жүреді. Жолаушылар вагонында барлық жағдай жасалған, ыңғайлы дәретхана және ауа желдеткішімен қамтамасыз етілген. Бұл бағыттағы №6958 пойызы 5 сағат 17 минут жүреді. Кешкі сағат 18:03-те Түркістаннан шығып, түнгі 23:20-да Сарыағашқа жетеді. Ал №6957 Сарыағаш- Түркістан пойызы 5 сағат 21 минут жүреді. Сарыағаштан таңғы 05.00-де шығып, Түркістанға 10.21-де жетеді. Бұл жердегі жол жүру құны, мысалы, Түркістаннан Сарыағашқа – 1114 теңге, Түркістаннан Арысқа 557 теңге тұрады.

Екінші бағыттағы пойыз ол – Түркістан-Шымкент. Бұл кәдімгі қала маңындағы пойыз, 175 орынға арналған. Мұнда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған көтергіш орындар мен арнайы бөлме бар. Бұл бағыттағы пойыз да сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, сенбі, жексенбі күндері жүреді. №6938 бағыты жолда 3 сағат 55 минут жүрсе, №6937 бағыты 4 сағат 44 минутта қатынайды. Түркістаннан Шымкентке дейінгі бағасы – 609 теңге. Түркістаннан Арысқа дейін 384 теңгені құрайды.

Үшінші бағыттағы пойыз ол – Шымкент-Түркістан облысының аралығын қосып тұрған, 2 вагоннан тұратын дизель рельсті пойыз. 175 орын бар. Бұл жылдам жүретін пойыз дүйсенбі және жұма күндері Шымкент қаласынан шығады. Дүйсенбі күні таңертең 5.45-те шығады, сағат 08.20-да Түркістан қаласында болады. Бұл – Шымқаладан қатынап, әкімшілікте жұмыс істейтіндерге өте ыңғайлы бағыт. Жолақысы – 609 теңге. Жұма күні аталған пойыз Түркістан қаласынан Арыс арқылы Шымкент қаласына 21.53-те келеді.

– Осы Шымкент бойынша үш бағытта жүретін пойызды жүргізуге субсидия бөлінеді. Түркістан-Шымкент бағытындағы жай жүретін қала маңындағы пойызға және Түркістан-Сарыағаш бағытындағы жай жүретін пойызға Түркістан облысы әкімшілігінен субсидия қарастырылған. Ал енді жылдам жүретін Шымкент-Түркістан және Түркістан-Шымкент бағытын бұрынғы Даму индустриясы министрлігі қаржыландырады, – деп мәлімет берді «Қаламаңы тасымалы» АҚ аймақтық телім басшысы Ғалымжан Бурханов.

Қаламаңы пойыздарына билет Түркістан қаласы, Темір бекеті, Арыс 1, 2 вокзалы, Шеңгелді, Сарыағаш вокзалдарындағы кассаларда сатылады екен. Сонымен қатар, жолсеріктердің мобильді терминалы бар. Онлайн режимде жұмыс істейді. Жолаушылардан қолма-қол ақша алып, отырғызатын талон құжатын береді. Балаларға билет бағасы 50 пайыз төмен. Мысалы, Шымкенттен Түркістанға баратын жолаушы 7 жасқа дейін болса, онда ол 304 теңгеге барады.

Көрсеткіштерге келетін болсақ, аталған үш бағытта күнделікті 150-200 жолаушы тасымалданады. Сарыағаш-Түркістан бағытындағы 2 вагонда 3 жолсерік, ал дизельді рельс пойыздағы жолаушылар вагонында 2 жолсерік қызмет көрсетеді.

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,** *Шымкент қаласы*
*Суретті түсірген автор*

САРАПТАМА

Теміржолшы – елімізде аса құрмет пен абыройға ие мамандық. Ол жоғары кәсібилікпен қатар адамдардан темірдей тәртіп пен төзімділікті қажет ететін, сонымен қатар өз ісіне жан-тәнімен берілетін жандарды сүйетін қастерлі кәсіп. Теміржол көлігі саласының үздіксіз аққан қан тамырларындай тәулік бойы бір тынбай сенімді және тұрақты жұмыс істеп тұруы – теміржолшы деген мәртебелі атқа дақ түсірмей еңбектеніп жатқан мыңдаған адамдардың маңдай тер, табан ақысы.

# ӨНДІРІСТІК ДӘРІГЕРДІ ЕНГІЗУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

**Сұлугүл БАКЕСОВА**



Алып саладағы кез келген теміржолшының жұмыс ырғағы күрделі ауа-райы жағдайында, мейлі ол боран болсын, үскірік аяз, мейлі жауын-шашын, тіпті аптап ыстық болсын, бір сәтке де бұзылмауы тиіс. Теміржолдың тәртібі, талабы солай. Сондықтан бұл мамандық иелері айтарлықтай физикалық және психологиялық жүктемелерге ие деген сөз. Өйткені, адам ағзасына өндірістің қолайсыз факторлары кері әсерін тигізбей қоймайды. Сол себептен теміржолшылардың денсаулығына айрықша назар бөлінуі керек және қатаң бақылауда ұсталуы тиіс. Теміржол көлігін пайдаланатын адамдардың өмірі және мыңдаған тонна жүк тиеген пойыздардың жол үстінде қозғалыс қауіпсіздігін сақтау осы теміржолшыларға тікелей байланысты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-да барлығы 49 мыңнан астам теміржолшы-жұмысшы еңбек етеді. Олардың қатарында машинистер мен олардың көмекшілері, вагон қараушылар, пойыз құрастырушылар, станция кезекшілері, тағысын тағы мамандық иелері бар. Көпшілігі пойыздар қозғалысымен тікелей байланыста жұмыс істейді. Сондықтан, соңғы кезде қоғам басшылығын алаңдатып отырған басты мәселенің бірі, қызметкерлерінің табан астында денсаулығының күрт нашарлап, тіпті, кейбірінің соңы адам өлімімен аяқталуы болып отыр. Нақты дерекке жүгінсек, өткен жылы аталған Қоғам бойынша қызметкерлердің кенеттен денсаулығының күрт нашарлауына қатысты 17 оқиға тіркеліп, 6 жағдайда соңы адам өліміне әкеліп соқтырған. Қаза болған екі адам «Д» есебінде тұрған. Ал 11 оқиғада зардап шегуші бұған дейін амбулаториялық ем қабылдаған болып шықты. Жалпы өткен жылы Қоғам бойынша 39 өндірістік жарақаттану оқиғасы тіркеліп, соның 14-і өндіріспен байланысты болғандықтан, есепке алынған. Бүгінгі таңда 5287 теміржолшы «Д» есебінде тұрған көрінеді. Міне, осының бәрі Жүк тасымалы басшылығын алаңдатпай қоймайды.

**МЕДИЦИНАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ САПАСЫ НЕГЕ ТӨМЕН?**

«Қызметкерлердің денсаулығына кәсіби қауіптердің тигізетін әсері зор екенін, кәсіпорын еңбеккерлерін жыл сайын міндетті мерзімді медициналық байқаулардан өткізу барысында соматикалық патологиялары бар науқастар деңгейінің жоғары болып отырғанынан байқадық. Тіркелген сырқаттардың құрылымында бірінші орынды жүрек-тамыр жүйелері қызметінің бұзылуы алып отыр. Бұл сырқаттың басым бөлігін түрлі дәрежедегі артериалды гипертония құрауда», – дейді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің 1-ші дәрежелі менеджері Дария Төлеуова.

Оның айтуынша, теміржолға қарасты ведомстволық медициналық мекемелердің болмауы қызметкерлерге медициналық қызметтер көрсетілімін ұйымдастыруда қиындық тудырып отырған көрінеді. Бұл, әсіресе, мерзімді медициналық тексерулердің деректері бойынша қызметкерлердің денсаулығын мониторингілеу, диспансерлік бақылау, сондай-ақ, бейімдеу, қалпына келтіру емін және медициналық тексерулер жүргізу үшін түрлі емдеу-сауықтыру мекемелерінің медициналық құжаттамаларынан қажетті ақпаратты алуға қатысты болып отыр. Соның салдарынан пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей жұмыс істейтін тұлғалардың, қауіпті және зиянды факторлары бар жұмысқа жұмылдырылған адамдардың денсаулық жағдайына медициналық тұрғыдан бақылау жасау сапасы ақсауда. Өйткені, сала еңбеккерлеріне көрсетілетін барлық медициналық қызметтер медициналық мекемелермен жасалған шарттық қарым-қатынас негізінде ұйымдастырылып келеді. Ал бұл өндіріс адамдарына тиімсіз болып отыр. Осыған орай, жұмысшылардың денсаулығының кенеттен күрт төмендеп кетуіне қатысты талдау жүргізіліп, оның нәтижелерінен кейін басшылық тарапынан медициналық тексеру сияқты қызмет көрсетілімдері бойынша техникалық сипат тізімге өндірістік дәрігер және өндірістік фельдшерді енгізуге шешім қабылданыпты. Сонымен, енді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалдарында өндірістік дәрігерлер мен фельдшерлер жұмыс істейтін күн алыс емес.

**ДЕНСАУЛЫҚ КҮТІМІНЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ҚАДАМ**

Шын мәнінде, Дария Төлеуова медициналық қызметкерлер филиалдар басшыларымен және кадрлық қызметтермен тығыз байланыста жұмыс істеуі керектігін айтады. Өйткені, кейбір адамдар қатаң медициналық бақылау, денсаулығы әлсіз адамдарды «жарамсыз» қылып тастау мақсатына қызмет етеді деп ойлайды. Әсте олай емес. «Бұл медициналық бақылаудың мақсаты – қызметкерден құтылу емес, керісінше, оның еңбекке қабілеттілігін сақтап қалу, оның жұмыс істеу мүмкіндігін ұзарту. Бұл теміржол саласы үшін де экономикалық жағынан тиімді. Өйткені, ол еңбекке уақытша жарамсыздық қағазының болмауына, қызметкердің мүгедек болып қалмауына, әрі-беріден соң, кенеттен қайтыс болу сынды жайттарды болдырмауға көмектеседі. Сондықтан өндірістік дәрігер жүргізетін профилактикалық жұмыстың маңызы зор. Сөз орайы келгенде, адамдар денсаулығын күтуге қадам жасау керектігін, ой-өрістерін өзгерту керектігін айтқым келеді. Теміржолшылардың жұмысы жоғары психоэмоционалдық жүктемемен, күйзеліспен тығыз байланысты, олар шу және дірілдің ықпалына жиі ұшырайды, ал бұл өз кезегінде олардың денсаулығына теріс әсер етері сөзсіз. Әсіресе, жаздың аптап ыстығы +30 - +40, ал қыстың сарышұнақ аязы –30- – 40 градустарды құрайтын климаттық жағдайларда жұмыс істеу оңай емес. Ағзаның реакциясы мен жаңағыдай сыртқы факторлардың ықпал ету салдарын өндірістік дәрігерлер бақылап отыратын болады. Олар кәсіби сырқаттарды, аурудың енді басталып жатқан шағын уақытылы анықтап, аурудың ушығып кетпеуіне профилактикалық, сауықтыру шараларын жүргізетін болады», – дейді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ өкілі.

Ол сондай-ақ, өндірістік дәрігерлермен бірлесе отырып, жылына 2-3 мәрте «Денсаулық пен өмірдің сақталуы – еңбек қауіпсіздігінің негізі» айлығын және оның шеңберінде «Ашық есік күндерді» өткізу жоспарда бар екенін жеткізді. Ашық есік күндері филиалдардың қызметкерлері өзінің денсаулығына қатысты сұрақтармен дәрігерге жүгініп, ақ халатты абзал жандардан кеңестер мен ұсынымдар алу мүмкіндігіне ие болмақ.

**МАҚСАТ – АУРУ-СЫРҚАУ ДЕҢГЕЙІН АЗАЙТУ**

Өндірістік дәрігердің енгізілуімен теміржолшылар арасында ауру-сырқаулар саны сейіле ме деген сұрақтың жауабын уақыт еншісіне қалдырамыз. Бастысы, өндірістік дәрігерді енгізудегі мақсат осы кәсіби сырқаттану деңгейін төмендетуге бағытталса керек. Сонымен өндірістік дәрігердің негізгі міндеттеріне не кіреді дейтін болсақ, біріншіден, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ қарамағындағы қызметкерлерге білікті терапевтік көмек көрсету болса, екіншіден, олардың сырқаттарын төмендету бойынша профилактикалық шаралар жүргізу болмақ. Сонымен қатар локомотив деполарының әкімшілігімен және кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе, жарақаттану мен сырқаттану оқиғаларын төмендетуге қатысты кешенді шаралар әзірлеп, оны іске асыру. Сырқаттардың ертерек анықталуын қамтамасыз етіп, заманауи тәсілдермен тексеру және емдеу құралдарын пайдалана отырып, науқастарға уақытылы диагностика жүргізу және білікті емдеу жүргізу де өндірістік дәрігер мойнындағы міндет. Ол жұмысшыларға кенеттен сырқаттанған және өндірісте кәсіби уланған жағдайда медициналық көмек көрсетуіне, ауруханаға жатқызуды және стационарлық емделуді қажет ететін науқастарды белгіленген тәртіп бойынша жолдауға міндетті. Жұмысқа түсерде алдын ала және мерзімді медициналық тексерулердің сапалы ұйымдастырылуын қамтамасыз ету, рейс алдындағы медициналық байқау жүргізетін фельдшерлік пункттің жұмысына бақылау жасаумен қатар басшылық ету де өндірістік дәрігер құзырындағы жұмыстар қатарынан болмақ. Мұнымен қатар ол қызметкерлер мен жұмысшылардың еңбек жағдайын санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестендіру бойынша еңбек гигиенасына жауапты санитарлық дәрігерлермен бірлесе ұсыныстардың жасалуына қатысуға мүдделі. Еңбек адамдары арасында санитарлық-гигиеналық білімді белсенді насихаттау, амбулаториялық науқас адамдарға медициналық карталар жүргізу, рецептер жазып беру, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің талаптарына сәйкес кабинет медбикесінің медициналық құжаттамаларды дұрыс жүргізуін қамтамасыз ету өндірістік дәрігер еншісіндегі шаруалар. Сонымен қатар ол, жұмысшылардың еңбек жағдайымен танысу, диспансерлік науқастарды мониторингілеу, рейсалды байқау пункттерінің жағдайы мен жұмысын бақылау мақсатында айына кем дегенде үш мәрте негізгі, айналма деполар мен өзге де пункттерді аралап шығу қажет. Дер кезінде медпункттерді медикаменттермен толықтырып, жарамдылық мерзімі асып кеткен дәрі-дәрмекті алмастыруы, айына екі мәрте кесте және конспектілердің бекітілген жоспарына сәйкес локомотив бригадаларымен техникалық сабақтар өткізуі тиіс. Және де филиал басшылығы мен аурухана басшысын сала еңбеккерлерінен ауру, жарақат, алкогольді, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды пайдалану белгілерін анықтаған жағдайда, қызметкерлерді рейстен шеттету жағдайлары туралы, тиісті медициналық куәландыру нәтижелері туралы уақытылы құлақтандырып отыруы тиіс. Ақпараттандыру фактісі актімен көрсетілуі қажет. Сонымен қатар тоқсан сайын филиал бойынша жұмыс кестесін жасап, оны филиал басшылығымен бекітуі керек. Өз кезегінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-да еңбеккерлері арасында салауатты өмір салтын жүргізу, насихаттау жағынан кенде емес. Оның жарқын көрінісін, көптеген локомотив деполарында спортзалдар мен тренажерлік залдардың ұйымдастырылуынан, қозғалыс шаруашылығы мамандары арасында түрлі спорттық жарыстардың өтуінен байқаймыз.

Сонымен өндірістік дәрігерлерді енгізуден алар нәтижеміз қандай дегенге келетін болсақ, ол туралы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің 1-ші дәрежелі менеджері Дария Төлеуова: «Біріншіден, асқынған және күрделі созылмалы ауруларды төмендетуге, екіншіден, аурудың асқынған жағдайларының санын, үшіншіден, уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайларын азайтуға қол жеткізіледі. Сонымен қатар аурудың жаңа жағдайларын ертерек анықтау мүмкіндігіне ие боламыз, қала берді уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары бойынша төлем шығындарының төмендеуінен экономикалық тиімділікке қол жеткіземіз», – дейді.

МУЗЕЙ

# К СВОИМ ГЕРОЯМ – С УВАЖЕНИЕМ

Значительную часть экспозиции музея железнодорожных предприятий Восточного Казахстана, который сейчас восстанавливают работники Защитинского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22), составляют стенды, экспонаты об истории стальной магистрали в годы Великой Отечественной войны.



**Ольга УШАКОВА,**
*Усть-Каменогорск*

Вместе с начальником производственно-технического отдела ТЧЭ-22 Дидаром Бурбаевым, который участвует в реконструкции музея, мы рассматриваем музейные «реликвии». Есть несколько стендов, где поименно перечислены железнодорожники, ушедшие на фронт в 1941–1945 годах. Всего их около трехсот человек. Они работали на разных предприятиях – на станциях, дистанциях пути, в локомотивном и вагонном хозяйствах, но по зову некогда огромной страны из мирного Восточного Казахстана отправлялись туда, где война, взрывы и смерть. В списках я нашла знакомые имена – с этими людьми я или лично общалась, или о них мне рассказывали их дети и внуки, которые тоже стали железнодорожниками.

Например, мне не раз доводилось общаться с ветераном войны Секеном Дексембиновичем Акшаловым из Шемонаихи. Он воевал в Украине в составе Второго Украинского фронта, участвовал в историческом форсировании Днепра. Удостоен Ордена Великой Отечественной войны, медали «За освобождение Украины». Он вернулся с полей сражений домой, создал прекрасную семью, снискал уважение как хороший работник. Кроме воинских наград, был награжден званием Почетного гражданина Шемонаихинского района. Аксакал умер пару лет назад, в преклонном возрасте, окруженный заботой членов семьи. Достойная жизнь… Рядом на стенде написано имя Берликана Мусабековича Туспаева. Самого ветерана, увы, я не знала, но общалась с его вдовой, тоже участницей войны, Рашидой Шавалиевной. Они познакомились на секретном заводе по производству особой фанеры, которую использовали в производстве военных самолетов. Родина оценила их подвиг и добросовестный труд, отметила наградами. Поженившись в 1949 году, они стали основателями уважаемой железнодорожной династии, а вместе прожили 50 лет.

Пока одни железнодорожники были на фронте, другие честно и самоотверженно трудились. Как повествуют надписи на стендах, уже в первые месяцы войны на станции Защита (ныне Оскемен-1) были организованы курсы медсестер. Около 30 девушек обучались без отрыва от производства. Здесь же есть фото группы железнодорожников, которые обслуживали поезд Красного креста в годы войны. В военное время на станции Защита была организована школа фабрично-заводского обучения, где молодежь осваивала железнодорожные профессии монтера пути, стрелочника, слесаря по ремонту. На стенде есть очень старая грамота, которой наградили в годы войны машиниста Защитинского депо Виктора Николаевича Желудкова, – за успехи в социалистическом соревновании, энергию, инициативу и самоотверженность, стахановскую работу «по выполнению Сталинского государственного комитета обороны и приказов наркомата путей сообщения»!

– Я до конца еще не изучил материалы из-за нехватки времени, но здесь много бесценного материала: кроме фотографий, есть награды железнодорожников и удостоверения к ним, знамена, которыми награждали лучшие предприятия, маленькие модели паровозов, форма работников стальной магистрали времен ВОВ и послевоенного времени, станционные фонари, инструменты, – говорит Дидар Бурбаев.

Когда-то музей размещался в административном здании Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок, потом «переехал» в депо. Инициатива восстановления музея принадлежит начальнику ТЧЭ-22 Ермеку Смагулову. По мере финансовых возможностей локомотивщики хотят в помещении, выделенном под музей, разместить стеклянные витрины, поставить манекены с железнодорожной формой старого образца, расставить, развесить все экспонаты. В помещении есть отопление, будет работать вентиляция, здесь хотят смонтировать специальную подсветку. Железнодорожники с уважением относятся к своей истории и своим героям.

*Фото автора*

УЧЕНИЯ

## СЛАЖЕННО И БЫСТРО

**На станции Кушмурун прошли пожарно-тактические учения по условному тушению пожара в специальном подвижном составе ПЧ-21 станции Кушмурун.**

В ходе учений была проведена тренировка по условному тушению пожаров в спецподвижном составе ПЧ-21 с привлечением пожарного поезда станции Кушмурун, противопожарной службы ДЧС Костанайской области, формирований звеньев гражданской защиты.

По тактическому замыслу учений, в результате короткого замыкания на пульте управления произошло возгорание в кабине специального подвижного состава ПЧ-21. На место сразу же прибыли все вышеперечисленные подразделения. В результате оперативных и слаженных действий возгорание было сначала локализовано, а затем полностью ликвидировано.

– Цель данных учений – отработка взаимодействия между ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области и АО «НК «Қазақстан темір жолы», – говорит начальник противопожарного железнодорожного отряда Султан Смамбаев. – А также проверка готовности формирований, привлекаемых для тушения пожаров. Особенно важно здесь обучение участников оценке обстановки пожаров в подвижном составе, определению решающего направления на пожаре, организации тушения пожара в сложных условиях и управлению личным составом при работе в боевой обстановке.

Руководство, наблюдавшее за ходом учений, дало им положительную оценку.

*Аслан КУДАБАЕВ, Кушмурун*

## АЛГОРИТМ ДЕЙСТВИЙ

**На станции Достык прошли тренировочные учения по выявлению больного с симптомами особо опасной инфекции – холеры – в пассажирском поезде сообщением Актогай – Достык.**



Согласно учениям, в одном из вагонов поезда пассажиру стало плохо, девушка жаловалась на рвоту, боли в животе, судороги, диарею. В срочном порядке были оповещены все службы, выставлены посты охраны, вагон отцепили в санитарный тупик. Действовали быстро и профессионально. Далее – эпидемиологическое обследование очага, эвакуация подозрительного больного в больницу поселка Достык и проведение заключительной дезинфекции.

В ходе учения отмечен высокий уровень подготовки персонала. К слову, холерой можно заразиться через пищу или напитки, в которые попала бактерия. Она может очень быстро распространяться, особенно в районах, где нет чистого водоснабжения и систем канализации.

– В ходе учений проведены противоэпидемиологические мероприятия в условном очаге холеры и обеспечено санитарно-эпидемиологическое благополучие пассажиров и работников железнодорожного транспорта. Все причастные службы отработали свои действия по утвержденному плану тренировочного учения, – отметил руководитель отдела санитарно-карантинного контроля на станции Достык Ельжаксы Токсамбаев.

*Елена КОЛДАСБАЕВА, Достык*
*Фото автора*

КАК ЖИВЕШЬ, СТАНЦИЯ?

# МАЛЕНЬКАЯ, ДА УДАЛЕНЬКАЯ

Нуржан Кутербеков начал свою работу на железной дороге станционным рабочим в 2003 году на станции Кокшетау. На этой станции он и остался работать целых 16 лет, став позже сигналистом, потом – регулировщиком скорости движения вагонов, составителем поездов, дежурным по сортировочной горке, маневровым диспетчером. А в марте текущего года Нуржана пригласили на очень ответственную должность – он стал начальником станции Акколь, что находится в 100 километрах от столицы.

**Асель ШАЙХЫНОВА**



Приехав на новое место службы, Нуржан узнал, что Аккольский район сегодня – это динамично развивающийся регион с разветвленной социальной инфраструктурой, сильным аграрным сектором, промышленным потенциалом, богатым природным миром. Широкую известность принес этому району наземный комплекс управления космическими аппаратами и системы мониторинга связи, а также самый большой в стране мукомольный комбинат.

Нуржан говорит, что его новый коллектив – активные участники всех преобразований, происходящих на магистрали, это люди особого сплава, уверенные в своих силах, делающие все для того, чтобы их труд принес процветание компании. Коллектив небольшой, всего 23 человека, но очень дружный. Вместе они ежедневно решают вопросы жизнедеятельности этой участковой станции 3-го класса с большим грузооборотом.

Нового начальника станции аккольцы-железнодорожники встретили очень радушно, помогают освоиться. Ведь теперь перед Нуржаном стоят большие задачи. Как известно, от начальника станции требуется знание всех правил и положений как по технической, так и по коммерческой части эксплуатации, умение быстро разобраться в разных вопросах, в том числе и хозяйственных, наличие административных способностей и еще многое другое.

> ТОЛЬКО ЗА МАРТ НА СТАНЦИИ ПОГРУЖЕНО 18 748 ТОНН ГРУЗА, А ВЫГРУЗКА СОСТАВИЛА 80 ВАГОНОВ. В ЦЕЛОМ ЗА ПЕРВЫЙ КВАРТАЛ ПОГРУЗКА СОСТАВИЛА 58 229 ТОНН И ВЫГРУЗКА – 304 ВАГОНА.

– На начальнике станции лежит большая, сложная и ответственная работа. Рабочая неделя начинается с того, что каждый понедельник проводим День начальника станции со всеми службами – ПЧ, ЭЧ, ШЧ. Вместе организовываем работу и мероприятия по устранению замечаний по каждой службе. Заслушиваем планы и доклады на следующую неделю, – говорит Нуржан.

Оказалось, что совсем недавно, 1 апреля, у него родился третий ребенок. Семья пока осталась в Кокшетау, и ему очень непривычно быть вдали от них.

– Но работа есть работа. Практически не остается личного времени, жаль, что в сутках всего 24 часа. Наша станция пропускает ежедневно десятки пар грузовых и пассажирских поездов. Потихоньку привыкаю к новым обязанностям, изучаю все подробно. Если раньше я работал день-ночь и шел отдыхать, то здесь круглосуточно 7 дней в неделю нельзя расслабиться. Каждое утро начинается с селекторного совещания, даем планы на день – что погрузим, выгрузим. Потом начинается работа по целевому инструктажу, заслушивание отчетов. Железная дорога никогда не останавливается, и соответственно, начальник станции не может отвлечься от работы никогда, – делится он.

Большую обеспокоенность у него вызывает то, как люди не очень внимательно относятся к безопасности на железной дороге.

– Мы постоянно ходим в школы, проводим мероприятия. Предупреждаем, чтобы дети не играли возле железной дороги. Скоро начнутся каникулы, столько опасностей для детей, – говорит он.

Несмотря на то что новый начальник станции здесь трудится всего пару месяцев, все идет строго по графику, без сбоев. Только за март на станции погружено 18 748 тонн груза, а выгрузка составила 80 вагонов. В целом за первый квартал погрузка составила 58 229 тонн и выгрузка – 304 вагона.

*Фото автора*



## ВСЕ ДЛЯ ПАССАЖИРОВ

**На железнодорожном вокзале Караганды продолжаются реконструкционные работы. Через 7 месяцев он станет комфортным и безопасным для пассажиров.**

Главное изменение – это новая пристройка, которая сделает вокзал гораздо просторнее. В трехэтажном новом крыле здания будут располагаться кассы, залы ожидания, медпункт, комната отдыха для людей с ограниченными физическими возможностями, комната матери и ребенка, фуд-корты и торговые киоски.

Попасть на перрон пассажиры смогут по надземным переходам. Сами перроны будут закрыты навесами. Конкорсный переход будет вести из здания вокзала на второй, третий, четвертый и пятый пути. Его оснастят системой отопления и современными эскалаторами.

Вокзал станет комфортным и доступным для людей с ограниченными физическими возможностями.

По словам начальника Северного регионального филиала АО «Вокзал-сервис» Назгуль Галиаскаровой, в здании будут отсутствовать пороги, предусмотрены расширенные лифты и отдельные туалеты, а в надземных переходах установят специальный лифт.

После масштабной реконструкции глобально изменится и внешний вид вокзала. Предусмотрены облицовка бежевым камнем, установка колонн и декоративных элементов, реставрация барельефов, находящихся внутри здания.

После реконструкции заметно увеличится пассажиропоток. Вокзал сможет принимать до 8 000 пассажиров в сутки. В обновленном зале ожидания смогут разместиться до 2 300 человек.

Ранее площадь вокзала составляла 2 796,8 квадратных метра. В последний раз здание капитально ремонтировали в 2008 году.

**Светлана МОГАЙ,** *Караганда*
*Фото автора*

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ – «Қостанай ЖТ бөлімшесі» филиалының ұжымы мен кәсіподақ комитеті бөлімшенің қозғалыс қауіпсіздігі қызметінің бастығы Абылай Рүстемұлы Өтеповке жұбайы

**Бақыткүлдің**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Руководство группы компаний ТОО «Қамқор Менеджмент» выражает глубокие соболезнования генеральному директору ТОО «Қамқор Локомотив» Мурату Амирову, а также семье и близким в связи с тяжелой и невосполнимой утратой – смертью матери

**Гаинель Сламбековны.**

«Қамқор Локомотив» ЖШС және өңірлік Локомотив шаруашылығының ұжымдары «Қамқор Локомотив» ЖШС Бас директоры Мұрат Мұхаметқазыұлы Амировке

**анасы Гаинель Сламбекқызының**

қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Руководство и коллектив ОО «Отраслевой профессиональный союз ремонтных предприятий транспорта «Қамқор Магистраль» выражает глубокие соболезнования генеральному директору ТОО «Қамқор Локомотив» Мурату Амирову, а также семье и близким в связи с тяжелой и невосполнимой утратой – смертью матери

**Гаинель Сламбековны**

NUR MEDIA
ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

«Нұр-Медиа» ЖШС Бас директоры
**Әлия БӨРИЕВА**

Бас редактор
**Дина МУЗДУБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт ӨМІРЗАҚОВА**

Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Кенесары, көшесі, 25. Бөлім тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-09, 94-52-88, railnews@mail.ru

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 18348
Газет тарату және жеткізу қызметімен «Нұр-Медиа» ЖШС айналысады
® Жарнама. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Кезекші редакторлар: **С. Бакесова, Р. Рахметов**

**Меншікті тілшілер:**
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Жасұлан Сейілханов 8-775-573-23-53
Маңғыстау: Әсел Таңатарова 8-708-536-53-15
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Кокшетау: Сауле Кусаинова 8-701-738-96-70

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru
Жарнама жөніндегі менеджер Жанель Сағындықова, тел. 8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama_hit@mail.ru
Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.

№40-41 (2424-2425) 14/05/2019



ЗНАЙ НАШИХ!

# ЖЕЛЕЗНАЯ ЛЕДИ С ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ

**Костанайская железнодорожница стала чемпионкой Казахстана по жиму лежа. Свой рекорд поездной диспетчер Костанайского отделения грузовых перевозок Алла Штрошерер установила на проходившем в Алматы чемпионате страны по жиму лежа.**

В своей весовой категории до 84 кг (в ветеранской категории) 48-летняя железнодорожница стала первой.

Первый вопрос, который возникает при известии о силовых рекордах этой женщины: почему штанга? И каково оно: не просто тягать железо в таком возрасте, а еще и ставить рекорды?

– Я пришла в пауэрлифтинг пять лет назад, когда мне было 43 года, – говорит Алла. – Просто пришла в зал привести себя в порядок, что называется, подтянуть свою форму. Моя работа поездного диспетчера в основном сидячая, и после целого дня работы я чувствовала себя разбитой, уставшей. Вот и переступила порог тренажерного зала, чтобы взбодриться.

«Взбодриться» не юной, но волевой начинающей спортсменке удалось так, что очень скоро в зале всем стало заметно, как она буквально играючи поднимает большие веса. И это без какой-либо предварительной многолетней подготовки! Видимо, в Алле дремал спортивный талант. Очень скоро Штрошерер стала участвовать в соревнованиях и выигрывать их одно за другим. Очередным этапом для нее стал недавний чемпионат страны по жиму лежа, где Алла, что называется, «уложила» всех своих соперниц и стала чемпионкой.

– Я усердно готовилась к турниру, и труды дали результат, – признается спортсменка. – Спорт помогает мне и в работе. Я чувствую себя более спокойной, расслабленной, несмотря на то что работа поездного диспетчера очень нервная. И сегодня я советую всем своим коллегам-железнодорожникам: занимайтесь спортом!

Несмотря на успехи, Штрошерер не собирается останавливаться на достигнутом и ставит перед собой новые цели. Уже осенью она собирается принять участие в чемпионате Казахстана по силовому троеборью, где, помимо жима лежа, будут состязания в приседаниях и становой тяге.

*Аслан КУДАБАЕВ, Костанай*
*Фото автора*






## Құттықтаймыз!

БАЛАБЕКОВА ХАЖАР АМАНЖОЛҚЫЗЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Қарағанды теміржол көлігі жұмыскерлерінің оқу орталығы» директорының орынбасары (14 мамыр)*

ҚОЛДАСБАЕВА ЕЛЕНА АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ – *«Қазақстан теміржолшысы» газетінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі (14 мамыр)*

ЖАПАРОВ ҚАНАТ ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ – *«KTZ Express» АҚ филиалы – «KTZE Operator» директорының сату жөніндегі орынбасары (15 мамыр)*

ФЕДОРОВ КОНСТАНТИН АНАТОЛЬЕВИЧ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» Жаңа есіл белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы (16 мамыр)*

МЫРЗАҒҰЛОВ МАРАТ БОЛАТБЕКҰЛЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» директорының (АСУ бойынша) орынбасары (16 мамыр)*



**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басшылығы мен ұжымы Құрметті теміржолшы, белгілі сала ардагері Сарқыншақов Әби Сарқыншақұлын мерейтойымен шын жүректен құттықтайды.**

*Сіздің өнегелі еңбек жолыңыз – Сіздің тағдырыңызға айналған темір жолмен тығыз байланысты. Ерен еңбегіңіз бен адамдарға деген шынайы қарым-қатынасыңыздың арқасында тек теміржолшылардың ғана емес, жалпақ елдің құрметі мен қошеметіне бөлендіңіз.*

*Сізбен бірге жұмыс істеу бақытына ие болған жандар Сізді дайындық деңгейі жоғары, үлкен практикалық тәжірибесі бар сирек маман ретінде бағалайды.*

*Сіз жас буынға жауапкершілік пен міндет үдесінен шыға білу, жанкешті еңбек пен адамдарды бағалай білудің тамаша үлгісін көрсеттіңіз.*

*Сізге зор денсаулық, амандық және барлық ісіңізге сәттілік тілейміз!*



**«ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ басшылығы мен ұжымы Құрметті теміржолшы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Консультативтік кеңесінің мүшесі Қалтай Сәмбетұлы Сәмбетовті 80 жастық мерейтойымен шын жүректен құттықтайды!**

*Қалтай Сәмбетұлы 60 жылдық ғұмырын темір жолға арнады, теміржол саласын дамытуға қосқан өлшеусіз үлесінің арқасында еліміздің көлік-байланыс кешені жетілдірілді және ұлттық теміржол желісі құрылды.*

*Оның кәсібилігі, еңбекке берілгендігі, қабылданатын шешімдерге деген жауапкершілігі, ұшқыр ойы мен қажымас қайраты әріптестері арасында жоғары сенімге ие еткізді.*

*Мерейтой иесін жылы құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасылық береке және таусылмас өмірлік қуат тілейміз. Әр күн оптимизм мен жаңа идеяларға және қызықты кездесулерге толы болсын.*

ОХРАНА ТРУДА

# ПРОФИЛАКТИКА БЕЗОПАСНОСТИ

Интересно и насыщенно прошло собрание в Защитинском эксплуатационном локомотивном депо на станции Оскемен-1 (ТЧЭ-22) на тему «Охрана труда и будущее сферы охраны труда». Здесь были и конкурсы, и показ содержательных роликов, и выступления руководства предприятия, гостей, и награждения лучших работников, внесших свой вклад в обеспечение безопасности и охраны труда.

Организаторы подошли к подготовке мероприятия творчески: на партах в техкабинете, где оно проходило, разложили листки-памятки с предупредительными стихами: «Если ты к ТБ беспечен – лист больничный обеспечен!». Модератором собрания, на которое пришли несколько десятков человек, выступил начальник сектора производственной безопасности и экологии Защитинского эксплуатационного локомотивного депо Канат Макашев, а открыл мероприятие заместитель начальника ТЧЭ-22 по эксплуатации Айдын Смагулов. Он вручил благодарственные письма лучшим работникам депо, которые внесли свой вклад в обеспечение безопасности, охраны труда. Среди них – машинисты-инструкторы, сменные мастера, старший мастер, уборщица, дежурные дома отдыха локомотивных бригад, дежурные по депо, нарядчики локомотивных бригад.



С приветственными словами к локомотивщикам обратились главный специалист департамента охраны общественного здоровья на транспорте Сергей Якупов, заместитель главного врача Защитинской железнодорожной больницы Наталья Глуходедова, председатель врачебной экспертной комиссии Серик Мухадиев. Они рассказали об основных вредных факторах в работе ТЧЭ-22, важности производственной разгрузки и соблюдения техники безопасности.

Также собравшимся показали видеоролики по основной теме мероприятия, провели конкурс. Деповчанам предложили ответить на несколько вопросов. К примеру, у них спрашивали, на каком расстоянии допускается проходить через расцепленные вагоны, каковы вредные факторы работы на тепловозе. Лучшим знатокам вручили небольшие подарки. После окончания собрания среди работников Защитинского эксплуатационного локомотивного депо провели соревнования по настольному теннису и бильярду. Победители получили грамоты.

*Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск*
*Фото автора*

КОНКУРС

# ПОДВЕЛИ ИТОГИ

**На станции Павлодар подвели итоги работы по безопасности и художественного конкурса, организованного среди детей железнодорожников. Кроме того, в этот день работники стальной магистрали почтили память коллег, погибших на производстве.**

Станция Павлодар организовала детский конкурс рисунков по теме безопасности и охраны труда, в котором могли принять участие мальчишки и девчонки от 3 до 14 лет. Победителем стала 10-летняя Молдир Мусалимова. Ей железнодорожники вручили приз – настольную интеллектуальную игру. Проведение этого художественного состязания стало традицией на станции Павлодар. Так железнодорожники отметили и Всемирный день охраны труда.

Среди работников стальной магистрали также подвели итоги работы за год. Всем отличившимся сотрудникам цеховой комитет станции Павлодар вручил сертификаты и бытовую технику. К примеру, лучшим техническим инспектором стал Асет Пшембаев. Еще 14 железнодорожникам подарили кожаные блокноты. Они участвовали в конкурсе «Лучшие технические конспекты по профессиям». Ведущий инженер-технолог по безопасности и охране труда станции Павлодар Гузель Жандилдашева стала лучшей в номинации «Лучший специалист БиОТ». Павлодарское отделение ГП вручило ей почетную грамоту за добросовестный труд и значительный вклад в обеспечение безопасности и охраны труда. Стоит отметить, всего было семь номинаций.

– На станции Павлодар 63 железнодорожника, стаж которых менее одного года. По мнению специалистов, именно среди молодых сотрудников наблюдается высокий уровень травматизма, обусловленный недостатком опыта и знаний, – говорит Гузель Абдрахмановна. – Наше предприятие на постоянной основе проводит различные семинары, акции, курсы по повышению квалификации молодых кадров.

Мероприятие завершилось минутой молчания по погибшим в разные годы на станции Павлодар сотрудникам. Это приемосдатчик груза и багажа Евгения Плотникова, составитель поездов Анатолий Кулик, оператор техконторы Светлана Ребедло и составитель поездов Владимир Нищин.

**Айдана ЕРТАЙ**

СПОРТ

# ҚОС МЕРЕКЕ ҚҰРМЕТІНЕ

**Маңғыстаудағы Болашақ станциясында 7 және 9 мамыр – қос мереке құрметіне волейбол және футболдан жарыстар өтіп, оған теміржолшылар белсене атсалысты.**

Қарақия аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі, Болашақ ауылдық округі әкімі аппараты ұйымдастырған спорттық шаралар жоғары деңгейде өтті. Волейболға жалпы саны 9 команда қатысып, бірінші орынды Мектеп-1 командасы, 2 орынды теміржолдың әскерилендірілген темір жол күзеті қызметі, ал 3 орынды станция ұжымының командасы иеленді.

Бұдан әрі Болашақ станциясында шағын футболдан жарыс болды. Себелеп жаңбыр жауып тұрғанына қарамастан, жанкүйерлер көңілінен шыққан тартысты ойын өтті. Аяқдоп жарысының нәтижесінде ШЧ-10 командасына жететін топ болмады. Ал 2 орынды Застава командасы, үшінші орынды ДС-2 командасы иеленді. Жеңімпаз командалар арнайы жүлделермен марапатталды.

*Ұлан ОРАЗ*

# ТЕҢБІЛ ДОП ТЕПКЕНДЕР



**Түлкібас станциясының ұжымы Дүниежүзілік еңбекті қорғау және Жеңіс күні құрметіне футболдан жарыс өткізді.**

Доп додасына Түлкібас станциясынан 2 команда, вагондарды техникалық қарау пунктінен 2 команда, «Әскерилендірілген теміржол күзеті» АҚ Шымкент филиалының Түлкібас атқыштар командасынан 2 команда, ТД-16 машинистерінен құралған 1 команда, жалпы саны 45 адам қатысты. Жергілікті мектептің спорт залында өткен жарыс жанкүйерлері көп болды. Әрқайсысы өз командаларына дем беріп, қиқулап, ойыншыларды демеп отырғандықтан жарыс өте тартысты да шиеленісті өтті. Сондықтан болар көпшілік үшін күтпеген нәтиже, тосынсыйлар көп болды.

Мысалы, 1 орынды Түлкібас станциясының командасы иеленуі ешкімді таң қалдыра қоймағаны анық, өйткені ә дегеннен ширақ қимылдап көзге түскен станциялықтар жүлделі орын алатыны белгілі еді, бірақ 2 орынды – вагоншылар мен 3 орынды атқыштар командасы иемденуі күтпеген нәтиже болды. Жарыс соңында жеңімпаздарға сыйлықтар мен кубок, алғыс хаттар табыс етілді.

*Жансая СЫДЫҚБАЙ, Түркістан облысы*
*Суретті түсірген автор*



# ШЫҢДАЛҒАН ШЫМЫР БОЛАДЫ

**Спортта ширақтық танытқан команда, жұмыста да көңіл-күйі жақсы, салауатты өмір салтының арқасында алға қойған міндеттерді ойдағыдай атқарары сөзсіз. Себебі, спорт – жан саулығы.**

Жуырда Арыс қаласындағы «Игібай» спорт кешенінде Шымкент теміржолы бөлімшесінің жұмысшылары спорттық-бұқаралық жарыс өткізді. Аталған спорттық шараға 10 команда қатысты. Атап айтқанда, Арыс станциясы, ТЧЭ-32, «ӘТЖК» АҚ, УПЧ-54, НЖС-9 Арыс станциясының вокзалы, «Транстелеком» АҚ, ШЧ-38, ЭЧ-24, ВЧД-30, Қалаш станциясы.

Жарыс үш түрден өтті: мини-футбол, үстел үсті теннисі, шахмат. Шахматтан әйелдер арасында 1 орынды ТЧЭ-32 экономисі Айзат Досалиева, 2 орынды ВЧД-30 технигі Динара Исабекова, 3 орынды ТЧЭ-32 нарядчигі Жұмабике Мақұлбекова жеңіп алды. Ерлер арасында 1 орынды спорт ардагері, шахматтан тұрақты қатысушы, ТЧЭ-32 машинисі Саттар Баширов, 2 орынды ЭЧ-24 электромонтері Асылхан Жарымбетов, 3 орынды «ӘТЖК» АҚ күзетшісі Ғанибек Алтынбеков алды.

Осы жолы үстел үсті теннисі жарысына әйелдер де қатысты. 1 орынды вагон деposынан Динара Исабекова, 2 және 3 орынды локомотив деposынан Жұмабике Мақұлбекова мен Айзат Досқалиева алды. Ерлер арасында 1 орынды ЭЧ-24 мекемесінен Шаншарбек Шекеров, 2 орынды күзет қызметінен Құрманбай Түркменбаев, 3 орынды «Транстелеком» АҚ өкілі Серік Сапарбеков иеленді.

Жарыстың ең қызықты бөлігі футболдан өтті. Нәтижесінде 3 орынды Арыс станциясы, 2 орынды локомотив деposы, ал жүлделі бірінші орынды ШЧ-38 командасы жеңіп алды.

Жарысқа қатысқан барлық жеңімпаздар марапатқа ие болды. Осындай ауқымдағы іс-шара алдағы уақытта маусым айында Сарыағашта өтетін болады.

*Жансая ПЕРДЕБЕК, Арыс қаласы*
*Суретті түсірген автор*

# ЖҮЗГЕ ЖУЫҚ ТЕМІРЖОЛШЫ ҚАТЫСТЫ

**Шалқар станциясының теміржолшылары Жеңіс күніне спорттық ойындардан дүбірлі жарыс ұйымдастырды.**

Шараға тораптық станциядағы барлық мекемеден, жалпы саны жүзге жуық теміржолшы қатысып, атсалысты. Спорттық ойындар 5 команда арасында өтті. Волейбол, теннис, гір көтеру және шахмат ойындарында оза шауып, бәйге алғандар қатарында «Қамқор Локомотив» ЖШС, әскерилендірген күзет қызметі мен жол дистанциясының командасы болды.

«Биыл елімізде «Жастар жылы» жарияланды. Сол себепті, Жеңіс күні құрметіне өткен спорттық шараға қатысқандардың дені жастар, яғни теміржолшылар командаларының құрамында жастардың басым болуы бізді қуантып отыр», – дейді спорт нұсқаушысы Нұргүл Батырхан.

Үздік танылған ойыншыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*





ГАЗЕТКЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ:

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ 8 (7172) 94-52-88


**В ДЕПАРТАМЕНТЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ» ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА РАБОТАЕТ ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ 60-63-08**